Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№24 (975)

19.06.2020

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ТАЖАЛ

КОРОНАВИРУС ҚАУЛАП КЕЛЕДІ

ЕЛІМІЗДІҢ БІРНЕШЕ АЙМАҒЫНДА КОРОНАВИРУС ЭПИДЕМИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ КАРАНТИНДІК ШАРАЛАР КҮШЕЙТІЛДІ. ОҒАН СЕБЕП, ДЕРТКЕ ШАЛДЫҚҚАНДАРДЫҢ САНЫНЫҢ КҮРТ ӨСУІ. ОБЛЫСТАР МЕН ҚАЛАЛАРДА БАС САНИТАРЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ТИІСТІ ШЕШІМДЕРІ ЖАРИЯЛАНДЫ.

Коронавирус инфекциясын жұқтырған қазақстандықтар санының 15 мыңнан асуына байланысты өңірлердегі карантин режимі күшейтілген болатын. 15 маусымнан бастап басқа облыстар да карантинді күшейтіп, сақтық шаралары да қатаңдатылды.

Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, 17 маусым күнгі статистика бойынша коронавирус инфекциясын жұқтырған 7 жағдай тіркелді. Қапшағай қаласында - 2, Қарасай ауданында - 2, Іле, Ескелді аудандары мен Талдықорған қаласында - 1-1-ден. Соның ішінде 1946, 1965, 1982, 1988, 1991 жылы туған әйел адамдар мен 1951, 1969 жылғы ер адамдар дене қызуы 38,5 С көтерілуіне, әлсіздік, тамақ пен буын ауруына байланысты шағымданып, медициналық көмекке жүгінген. Пациенттердің барлығы індетке тексеру тестілеуінен өтіп, жұқпалы аурулар бөліміне жатқызылған. Олармен байланыста болғандар анықталып, карантинге алынған. Эпидемиологиялық тексерулер жалғасуда. Сөйтіп, Алматы облысында коронавирус жұқтырудың 534 жағдайы тіркелді, соның 377-сі жазылып шықты. Республиканың барлық өңірін қызыл жалындай шарпып келе жатқан бұл жұқпалы дертке біреулер сеніп, енді біреулері қолдан жасалған деп жайбарақат жүр. Кім өзіне ауру тілейді дейсің. «Құдай да сақтанғанды сақтаймын» деген ғой. Дәрігер мамандардың пікіріне құлақ түріп, базарлар мен сауда үйлерінде және қызметтің орындары мен кәсіпорын, шаруа алқаптаында, құрлыс саласында, тамақтану нысандары, ара қашықты сақтап, әрекет етпесе, аты жаман ауру атжалмандай арбап жұтатынын әр бір адам білуі тиіс» деп дабыл қағуда дәрігерлер. Күннен күнге ырық бермей, өршіген кеселге қатысты Алматы қаласында карантин режимі қайтадан күшейтілді.

Мұндай режимді, Батыс Қазақстан, Солтүстік, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласының да бас дәрігерлері қаулы шығарған болатын.

Ал, бұған дейін денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтан коронавирус табы-лып, ауруханаға түскен еді. Кейінірек премьер-министр Асқар Мамин, білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев, ауыл шаруашылық министрі Сапархан Омаров және Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың оқшауланғаны хабарланды. Оның алдында мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан, президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли, Алматы қаласының денсаулық сақтау басқармасының басшысы, бұрынғы денсаулық вице-министрі Камалжан Надыровтан анықталды. Ал, Парламент мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулин өзін-өзі оқшаулаған. Себебі ол шамамен бір апта бұрын бұған дейін коронавирус анықталған Елжан Біртановты қабылдаған болатын. Күні кеше ғана жұқпалы дерт инфекциясы Елбасы Н. Назарбаевтан да табылды.

Айта кетейік, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі коронавирусқа байланысты қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға қатысты пікір білдіріп, 2020 жылдың 18 маусымында жаңа шаралар жарияланатынын айтты. Ал 17 маусым күнгі дерек бойынша коронавирус инфекциясынан көз жұмған тағы тоғыз адам тіркелді. Осылайша, елде COVID-19 инфекциясынан қайтыс болғандар саны 97- ге жетті.

Гүлназ БЕКСАУЫТҚЫЗЫ

НЕГЕ?

«ӘЛІБИГЕ ӘДІЛДІК»

«Әділет тілесе – атамның да айыбын айтам» деген қазақ едік. Өкініштісі сол қазіргі кезде әділеттілікті көп жерден көре бермейміз. Жала жабу, еш кінәсіз бірнеше жылды арқалап кете берген талай адамды көзіміз де көріп жүр. Әңгіме осыдан бірнеше ай бұрын жазықсыздан жазықсыз абақтыда отырған жас талант, әнші Әлібі Өтепберген туралы.

Әлібі Өтепберген – елім деп еміреніп, жас болса да, талантымен талайды таң қалдырған әнші. Ғаламторға есімін тере қалсаң Әлібідің бірнеше әндері жайнап шыға келеді. Ендігі ән жазып, тәлімгер болып, адал жолмен ақ нанын тауып жүрген Әлібідің ертеңіне қара бұлт үйірілді. Өткен жылдың жаз айында елордалық студент Әлібі үйіне, Ақтөбеге қайтады. Демалысын бекер өткізбеуді жөн санаған Әлібі «Ақбөбек-Восток» балалар лагеріне жетекші болып жұмысқа орналасады. Жетінші отрядтың жетекшісі болып жұмысқа кіріскен ол, сол жердегі қыздардың тәртібіне көңілі толмай кешкі би кешіне жібермей қояды. Ағайларының бұл ісіне кек алмақ болған балалар ата-аналарына хабарласып, «бізді бөлмеге қамап қойды», «күнде ұрып, соғады», ал қыздары «бізге зорлық көрсетеді», «тіпті, душқа бізбен бірге түседі», деп жалған ақпарат айтады. Бұл сөздерді естіген жеті баланың ата-анасы дереу жетіп, Әлібідің үстінен арызданады. Ата-аналардың кейбірі арыздарын қайтып алғанымен, іс ендігі құқық қорғау органдарына өтіп кеткен-ді. Ал сот ісі, бір жақты ғана қаралған. Ол тек балалардың сөзімен және ата-аналардың арызымен ғана шектелді, тіпті лагерьдегі бейнежазбалар да қаралған, сонда да, ешбір айғақ жоқ дейді. Кейіннен 9 ай бойы тергеу изоляторында қамауда болып, 2020 жылдың 25 наурызында жабық сот өткен. Іс барысында Әлібіді ҚР қылмыстық кодексінің 124-бап, 3-тармағы бойынша айыпты деп, 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасы берілді.

Осы уақытқа дейін «Әлібиге әділдік» хэштегімен біршама өнер иелері бой көтеріп, әділдікті талап етті. Десек те, аппеляциялық сатыдағы екінші сот отырысы да ешқандай нәтиже бермеді. «Нақты дәлел мен дәйексіз, нақақтан-нақақ айыпталған бауырымыздың, болашағына балта шабуына жол бермеуіміз қажет»-деп танымал тұлғалар, оның ішінде Света Айтбаева, Меруерт Өтекешова, Айгүл Иманбаева, Алтынай Жорабаева, журналист Бибігүл Дәулетбек Әлібиге қолдау білдірген. Олар Әлібидің кінәсіздігін айтып, Қазақстан президентінен көмек сұраған еді. Ал, Тұрсынбек Қабатовтың әйелі Мөлдір Мұқанова Әлібидің өз шәкірті екенін, мұндай арамдыққа бармайтын адал жігіт екенін айтуда. Тіпті, әу баста арыз жазған ата-аналардың бірі балалардың қызбалыққа салынып, жалған сөйлегендерін айтып, Әлібидің обалына қалмаумыз керек-деп сотта да ағынан жарылған. Бірақ қатал үкім, өрімдей жасты да, әкесін ботадай боздатып, жақындарын жалған жала қабырғаларын қайыстырды. Қылмыстық жауапкершілкке тартылғанға дейін ешбір қылмыс жасамаған Әлібидің ендігі тағдыры жоғарғы сатыдағы касациялық сотта қаралмақ. Әгарәки онда да, төменгі екі сатыдағы соттың үкімі өзгеріссіз қалса, қазақ өнеріне өзіндік қолтаңба қалдырған азаматтың тағдырына балта шабылды деген сөз. Кімінің ақ, кімнің қара екенін әрине сот шешеді, соңғы нүктені де сот қояды. Әлеуметтік желіде шыр-пыр болып жүрген өнер адамдары мен қарапайым халықтың үніне жоғары сот құлақ түре ме? Шынымен жазықсыз болса, тепсе темір үзетін жігіттің басына үйірілген қара бұлт арыла ма? Адамдар арасында бірін-бірі табалау, алалау, аяқтан шалу, жазықсызды жарға итеру көбейіп барады Неге?

Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Құрметті оқырман, «Алатау» қоғамдық-саяси газетіне екінші жарты жылдыққа жазылу басталды. Төрткүл дүниенің назары интернет желілеріне ауғаны ақиқат. Алайда, ондағы ақпараттардың шынайылығынан гөрі шытырманы басым. Түрлі сайттардың, блогерлердің жазбаларынан, ала-құла ақпараттардан көз сүрінеді. Шынту-айтына келгенде интернеттегі ақпараттардың ақ-қарасын ажырату да өте қиын. Сондықтан тасқа басқан таңбадай тарихы, тағылымы бар газеттердің қатарында биыл 20 жылдығын атап өтетін «Алатау» қоғамдық-саяси газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

16 беттен тұратын басылымда тарихи тұлғалар мен экономика, саясат, мәдениет,денсаулық, білім, заң саласы кеңінен қамтылып, сыни мақалалар жиі жарық көреді.Керегімді интернет желісінен ала саламын деген дүдәмал ойдан аулақ болыңыз. Себебі ондағы жазбалар ауа райындай құбылып тұратынын екінің бірі біле бермейді. Ал қағазға басылып, халыққа жеткен басылымдар қалың оқырманның рухани азығы, әрі сенімді серігі. Ендеше, «Алатауды» айналып өтпеңіз!

БАСПАСӨЗ - 2020

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне 2020 жылдың 2-ші жартыжылдығына жазылу басталды.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін
6 айға – 4470, 20 теңге.
ауыл тұрғындарына
6 айға – 4700, 80 теңге.

Началась подписка на 2-ое полугодие 2020 года на общественно-политическую газету «АЛАТАУ».

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на 6 мес. – 1820 тенге.
для города областного значения
на 6 мес. – 4470, 20 тенге.
для сельского населения
на 6 мес. – 4700, 80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЯСАТ

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ ПАРТИЯІШІЛІК ПРАЙМЕРИЗІ

Праймеризді өткізудің басты мақсаты неде?

ПРАЙМЕРИЗ – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне және барлық деңгейдегі мәслихаттарға депутаттыққа, партияның, филиалдарының органдарына кандидаттарды ұсынуға және мемлекеттік органдардағы лауазымдарға ұсыным жасауға арналған партиялық тізімдерге одан әрі енгізу үшін алдын ала партияішілік іріктеу.

Праймериздің басты мақсаты - Парламент Мәжілісіндегі және барлық деңгейдегі мәслихаттардағы тиімді депутаттық корпусты одан әрі қалыптастыру, партиялық желі бойынша ілгерілету, мемлекеттік органдардағы лауазымдарға ұсыну үшін бәсекелестік күрес негізінде нақты және мықты көшбасшыларды анықтау, белсенді және бастамашыл азаматтар үшін партиялық желі бойынша «әлеуметтік саты» жасау, жүйелі өңірлік партиялық саясатты қалыптастыру үшін өзекті әрі нақты жергілікті проблемаларды анықтау.

Праймериз бес негізгі кезеңнен тұрады: кандидаттарды ұсыну және тіркеу, үгіт жұмысына даярлық, үгіт жұмысы, дауыс беруді өткізу, тізімдерді дайындау.

Ұйымдастыру комитеттері праймеризді ұйымдастыруға және өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды ағымдағы шығыстар, партиялық мүшелік жарналар, Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес ұйымдарының қайырмалдықтарының есебінен жүзеге асырады.

Үгіт жұмысы кандидаттардың дербес қаражаты есебінен жүргізіледі, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалардан немесе шетелдік азаматтардан, мемлекеттік органдардан қаржыландыруға жол берілмейді. Кандидаттар ұйымдастыру комитеттерінің талаптары бойынша үгіт жұмысына жұмсалатын қаражаттың сомасы туралы ақпаратты ұсынады.

Праймериздің өткізілуін бақылауды Партиялық бақылау комитеті, өңірлік және аумақтық партиялық бақылау комиссиялары жүзеге асырады.

Үміткер қандай талапқа сай болуы керек?

«Nur Otan» партиясының мүшесі болуы қажет. Кандидат ұсынылған кезде партияның мүшесі болмауына жол беріледі, бірақ ол праймеризге қатысу үшін тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін партияға кіруі тиіс.

Партияның беделін түсіретін немесе партия мүдделеріне залал келтіретін әрекеттер (әрекетсіздіктер) үшін партия қатарынан шығарылған тұлға праймеризге жіберілмейді

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутатына республика аумағында соңғы он жыл ішінде тұрақты тұрып жатқан және жасы жиырма беске толған ҚР азаматы, әр деңгейдегі мәслихат депутатығына жасы жиырмаға толған ҚР азаматы үміткер бола алады.

Кандидат құжаттардың тізбесімен бірге сенім білдірілген адамдардың тізімін ұсынады, оған дауыс беру күніне дейін өзінің өзгерістер енгізу құқығы бар.

Праймеризге қатысу үшін қандай құжаттар тізбесін әзірлеуі қажет?

Қажетті құжаттардың тізбесі:

- осы Ереженің № 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш, онда мәслихат деңгейі немесе Парламенттің Мәжілісі көрсетіледі;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе құжаттар ақпараттық жүйеде берілген жағдайда, түпнұсқаның сканерленген көшірмесі;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінен соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама;
- наркологиялық және психоневрологиялық ұйымдардан анықтамалар;
- осы Ереженің № 2 қосымшасына сәйкес міндеттемелерді қабылдайтыны туралы өтініш;
- бастауыш партия ұйымы (бастауыш партия ұйымынан ұсынылған кандидаттар үшін) жиналысының хаттамасы;
- партиялық билеттің көшірмесі (бар болған жағдайда).

Дауыс беру тәртібі қандай? Кім дауыс беруге қатыса алады?

Дауыс беру сенбі күні, жергілікті уақытпен сағат 8:00-ден 14:00-ге дейін өткізіледі. Ауысымды жұмыс кестесі бойынша ірі өнеркәсіп кәсіпорындарында жұмыс істейтін партия мүшелері дауыс беретін жекелеген учаскелерде дауыс беру жергілікті уақыт бойынша сағат 17.00-ге дейін өткізілуі мүмкін. Жекелеген адамдар денсаулығының жағдайы, отбасының науқас мүшесін күту себебі бойынша дауыс беруге келе алмаған жағдайда, учаскелік есеп комиссиясы дауыс беруге арналған тасымалданатын урналарды жеткізуді ұйымдастырады.

Өңірлік және аумақтық ұйымдастыру комитеттері Орталықтандырылған есеп базасы негізінде өңірдегі барлық бастауыш партия ұйымдарындағы партия мүшелерінің тізімдерін анықтап, әзірлейді. Дауыс беруге тек партия мүшелері ғана қатыса алады.

Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВ,
«Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 73-бабы 6-тармағына сәйкес Алматы облыстық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына келесі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Серікжан Ісламұлы Бескемпіров, 1960 жылы туған, Алматы облысы әкімінің орынбасары, Талдықорған қаласында тұрады;

Саят Сарқытбайұлы Сақмолдин, 1974 жылы туған, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясының басшысы, Талдықорған қаласында тұрады.

Т. ДАУТОВ,
облыстық сайлау комиссиясының төрағасы

СООБЩЕНИЕ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

В соответствии с пунктом 6 статьи 73 Конституционного Закона «О выборах в Республике Казахстан» Алматинская областная избирательная комиссия зарегистрировала кандидатами в депутаты Сената Парламента Республики Казахстан:

Бескемпирова Серикжана Ислямовича, 1960 года рождения, заместителя акима Алматинской области, проживающего в г.Талдыкорган;

Сакмолдина Саята Саркытбаевича, 1974 года рождения, руководителя Алматинской областной территориальной инспекции Комитета государственной инспекции в агропромышленном комплексе Министерство сельского хозяйства РК, проживающего в г. Талдыкорган.

Т. ДАУТОВ,
председатель областной избирательной комиссии

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментіне жаңа басшы тағайындалды. Департаментті енді бұрын департамент басшысының орынбасары лауазымында болған Ляззат Мұқатайқызы Бейсеқұлова басқарады. Жаңа басшыны облыс әкімі Амандық Баталов таныстырды.

ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Өңір басшысы Ляззат Мұқатайқызының мемлекеттік қызметтің ыстығы мен суығына төзіп, білімі мен тәжірибесінің арқасында қарапайым қызметкерден Департамент басшысы лауазымына дейінгі әр белесті бағындырғанын, өз ісінің нағыз маманы екендігін тілге тиек етті.

Ляззат Мұқатайқызы Бейсеқұлова 1972 жылы 10 сәуірде Алматы облысы Көксу ауданында дүниеге келген. Инженер-технолог, Экономист және Құқық мамандықтары бойынша жоғары білім алған. Мемлекеттік қызметтегі жалпы еңбек өтіліп – 22 жыл. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құрылымдық бөлімшесінде – 8 жыл қызмет атқарған. Аталған мемлекеттік органда қызметін Персоналды басқару бөлімінің консультанты лауазымынан бастаған.

Ляззат Мұқатайқызы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі аппаратының басшысы Б. Бақтыгеревтің 2020 жылдың 15 маусымдағы № 41ж/қ бұйрығымен Департамент басшысының орынбасары лауазымынан босатылып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңесінің төрағасы лауазымына тағайындалды.

Л. КӘЛІМХАН.

БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА

БІЛІМ НЫСАНДАРЫНДАҒЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС

Биылғы жылы Алматы облысында 32 білім беру нысанының қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Атап айтсақ, олардың ішінде 24 жалпы білім беретін мектеп пен 1 өнер мектебінің, 4 студенттерге арналған жатақхананың құрылысы және 3 балабақшаның құрылысы бар.Бұл жөнінде Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жалпы 3 ауысымда оқытуды болдырмау үшін 17 мектептің құрылысы жүргізілуде. Биыл 10500 оқушыға арналған 10 мектептің құрылысы аяқталады деп жоспарланған. Қалған 7 құрылыс нысаны 2021 жылға өтті. Сондай-ақ, 16 мектеп құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Ескі мектептер мәселесін шешу үшін Қарасай ауданы Әйтей ауылында 1200 орындық орта мектеп салынып, пайдалануға берілді. Мектеп құрылысына 3,4 млн.теңге бөлінген. Сонымен қатар, Кербұлақ ауданы Қосағаш ауылындажергілікті бюджеттен 657,5 млн.теңге қарастырылған 80 орындық орта мектептің құрылысы жүргізілуде. Панфилов ауданы Аққұдық ауылында 120 орындық орта мектептің құрылысы жалғасуда.Осы мақсатқа бюджеттен 831,1 млн. теңге бөлінген болатын. Аталған білім ордасыныңқұрылысы 2021 жылы да жалғасады.

Сонымен қатар, бейімделген мектептердің проблемаларын шешу үшін 57 мектеп құрылысының 5 жылдық қадамдық жоспары әзірленді. 2019 жылғы жоспарға сәйкес 3 мектептің құрылысы басталып, жұмыстар биыл аяқталады деп жоспарланып отыр. Олар – Кербұлақ ауданындағы Қосағаш, Көксу ауданындағы Қызылтоған, Ескелді ауданының Абай ауылдарындағы 80, 120, 180 орындық орта мектептері. Сонымен қатар, 12 мектептің құрылысына ЖСҚ әзірленуде.

Бұған қоса, облыста 55 білім беру нысанында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мақсат – 42 мектеп, 5 балабақша, 2 колледж бен 1 ОӨК, сондай-ақ 5 мектептің аумағын абаттандыру. Бұл мақсатқа бюджеттен 23,9 млрд.теңге қарастырылса, оның 21,5 млрд. теңгесі республикалық, ал 2,4 млрд. теңгесі жергілікті бюджеттен бөлінген.

Бұдан басқа, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 10 объектіге күрделі жөндеу жүргізіліп, «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы бойынша 37 білім беру нысанына 16,9 млрд. теңге бөлінген. Сондай-ақ, осы бағдарлама аясында 354 білім беру нысанына ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалуда.

Маңызды мәселелердің бірі – студенттік жатақханалар салу. «Елбасының 5 әлеуметтік бастамасы» аясында Алматы облысында ЖОО мен 8 колледжге арналған1718 орындық 9 жатақхана салу жоспарланған. Биылғы жылы 818 орындық 4 жатақхана салынбақшы. Оған облыстық бюджеттен 4,4 млрд. теңге бөлінген. 2021-2022 жылдары облыстың колледждері үшін 900 орындық 5 жатақхана салу жоспарлануда.

Облыс бойынша аяқталған оқу жылында мектебі жоқ 69 елді мекенде 4200-ден астам оқушыны күн сайын тасымалдау ұйымдастырылды.Тасымалдауды 61 автобус жүзеге асырады. Биыл жергілікті бюджеттен тағы 70 заманауи автобус сатып алу үшін 933 млн. теңге бөлінді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

В СВЯЗИ С ПОСЛЕДНИМИ СОБЫТИЯМИ

РЕЖИМ РАБОТЫ ЦОН ТАЛДЫКОРГАНА И АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В связи с пандемией, были введены ряд ограничительных мер. Так Центры обслуживания населения изменили привычный режим работы.

Теперь, график работы всех ЦОНов по Алматинской области соблюдается: с понедельника по субботу, с 9.00 до 20.00.

А ЦОН города Талдыкорган, работает с понедельника по субботу с 9.00 до 17.00.

Посещение в ЦОН услугополучатели могут забронировать с помощью Telegram-бота eGovKzBot2.0.

Для этого необходимо сделать всего 2 шага:

- зайти в меню и выбрать «Бронирование очереди в ЦОН»

- выбрать регион, район и ЦОН, в котором вам удобнее получить госуслуги, цель посещения, удобную дату и время.

Если не получается забронировать, попробуйте изменить время посещения. Как только все шаги будут пройдены, придет SMS с подтверждением.

«ALATAU-AQPARAT»

РЕЖИМ РАБОТЫ ЦОН ПО РК

РЕГИОН	РЕЖИМ РАБОТЫ	
Нур-Султан	пн-сб: **09.00 - 20.00**	
г.Алматы	пн-сб: **10.00 - 16.00**	
г.Шымкент	пн-сб: **09.00 - 20.00**	
Акмол. обл./г.Кокшетау	пн-сб: **09.00 - 17.00**	пн-сб: **10.00 - 16.00**
Актюб. обл./г.Актобе	пн-пт: **09.00 - 20.00**	пн-пт: **09.00 - 20.00**
Атырауская обл.	пн-сб: **09.00 - 20.00**	
Карагандинская обл.	пн-пт: **10.00 - 17.00**	сб: **10.00 - 14.00**
Костанайская обл.	пн-сб: **09.00 - 20.00**	
Кызылординская обл.	пн-сб: **09.00 - 20.00**	
Мангистауская обл.	пн-сб: **09.00 - 20.00**	
Павлодарская обл.	пн-сб: **09.00 - 20.00**	
Туркестанская обл.	пн-сб: **09.00 - 20.00**	
СКО	пн-сб: **10.00 - 20.00**	
ВКО/г.Семей	пн-сб: **09.00 - 20.00**	пн-сб: **10.00 - 18.00**
ЗКО/г.Уральск	пн-сб: **09.00 - 20.00**	пн-сб: **09.00 - 20.00**
Жамбылская обл./г.Тараз	пн-сб: **09.00 - 16.00**	пн-сб: **09.00 - 20.00**
Алматин. обл./г.Талдыкорган	пн-сб: **09.00 - 20.00**	пн-сб: **10.00 - 17.00**

Посещение ЦОН возможно только по предварительному бронированию через портал Egov.kz или телеграм-бот EgovKzBot2.0

ОТКРЫТИЕ

УЧЕНИКИ НИШ ТАЛДЫКОРГАНА НАШЛИ АЛЬТЕРНАТИВУ ЗАЩИТНОМУ СНАРЯЖЕНИЮ КОСМОНАВТА НА ПОВЕРХНОСТИ МАРСА



Ученики Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган Даниил Филимонов и Виктор Кохно нашли альтернативу защитному снаряжению космонавта на поверхности Марса.

Всем известно, что многие ведущие ведомства, как НАСА, планируют запуск человека на Марс и даже строительство города на Марсе. Одна из проблем: у Марса нет атмосферы, вследствие чего человек может подвергаться очень сильному излучению из космоса. Соответственно, построить колонию на Марсе невозможно. Для решения данной задачи юные робототехники Талдыкорганского НИШ предлагают строить колонию под землей. Авторы проекта говорят, что грунт способен защитить космонавта от вредного излучения. Отсюда вытекает следующая задача: кто будет проводить строительную работу? Даниил и Виктор предлагают отправить для строительства на Марсе специальных роботов, которые в автоматическом режиме выполнят все строительные работы. И они его создали.

Проект «Роботизированная станция для строительства на Марсе» был представлен на Международных соревнованиях по космическим исследованиям «Открывая мир науки» и был удостоен III места.

Прототип полностью функционирующего мобильного робота снабжен системой искусственного интеллекта и специальными инструментами.

— Наш проект – первая практическая реализация строительства на другой планете. Если удастся реализовать эти планы, то человечество еще на один шаг станет ближе к звездам, — уверены юные робототехники.

НИШ

BUSINESS

СМОГЛА РЕАЛИЗОВАТЬ МЕЧТУ

Жительница Текели освоила прибыльный hand-made. Игрушечные куклы из колготок, картины из пеноплекса. Это работы известной рукодельницы из Текели Ольги Рыжковой.

Предпринимательница стала очередной героиней проекта Business Connect. Проект, инициированный Региональной палатой предпринимателей направленный на развитие и поддержку молодежного бизнеса, содействие обмену опыта и налаживанию контактов. Для студентов, молодежи и начинающих предпринимателей организовываются встречи с действующими бизнесменами, которые делятся своей историей успеха.

Ольга Рыжкова занимается изготовлением предметов декора, сувениров, игрушечных кукол, которых заказывают по всему свету от США до Австралии. Несмотря на свой недуг, женщина смогла реализовать мечту. Чтобы добиться признания и результатов в бизнесе она пришла череду потерь и приобретений.

Ольга Павловна родилась в России. Окончила архитектурный институт по специальности «технолог». В 1961 году переехала из Новосибирска в Алматы. С юности была



массовиком-затейником, организовывала различные мероприятия, клубы по интересам.

«Тогда катастрофически не хватало времени на развитие творчества. Я всегда мечтала, чтобы у меня было свободное время, чтобы сидела и что-нибудь делала», - вспоминает женщина.

В 2006 году ее поразила болезнь бедренной кости и тазобедренного сустава, в результате которого отказали ноги. Женщина больше не смогла самостоятельно передвигаться.

«Я думаю, что таким образом мне дали время для реализации мечты — дела всей жизни, - смеется Ольга Рыжкова. - Но я не сдалась, меня очень поддерживали муж и дети».

Тогда женщина в одном из журналов увидела фотографию куклы, сделанную из ткани. Загоревшись этой идеей, она пришла домой и пыталась из капрона и колготок сделать такую же куклу. Чтобы подготовить портрет куклы, Ольге понадобилось несколько дней. Первые работы она посвятила членам семьи. Поразившись необычности игрушек, знакомые предложили продавать изделия.

«Я сделала три портрета и пошла на «Барахолку». Я до сих пор помню, как с мужем зашла в первый торговый ряд и предложила купить портреты. Вокруг меня собрались торговцы и от удивления смеялись и одновременно удивлялись моей работе. Тогда я продала их за 3 тысячи тенге. Первая продажа и восхищенные отзывы людей так вдохновили меня, что я совсем забыла о болезни и начала днями и ночами делать куклы», - вспоминает Ольга Рыжкова.

В тот момент женщина, несмотря на боли, и четырехчасовой сон готовила куклы для продажи. Такими темпами Ольга Рыжкова начала зарабатывать по 1000 долларов.

«В те годы это были большими деньгами. В день я могла делать несколько игрушек. Они стали настолько популярными, что мне поступали заказы из ближнего и дальнего зарубежья. Я сейчас даже не сосчитаю количество своих работ», - рассказывает Ольга Рыжкова.

В 2016 году Ольга Рыжкова при содействии филиала Палаты предпринимателей города Текели прошла курсы по основам предпринимательства «Бизнес Советник». После чего приняла участие в конкурсе государственных грантов. По итогам конкурса ее бизнес-проект получил одобрение и финансирование на расширение линии продукции.

Сегодня предпринимательница удивляет людей предметами декора из обычного пеноплекса. Такие «живые» картины для кухни, ванны, детской пользуются большим спросом, и клиенты их мигом разбирают.

Ш. ХАМИТОВ.

ЭТО ИНТЕРЕСНО

ДОМА ЗА ОДИН ЕВРО

Власти коммуны Чинкуэфронди в итальянском регионе Калабрия запустили программу, позволяющую купить жилье в муниципалитете за один евро.



По словам мэра коммуны, программа под названием «Операция «Красота» призвана решить проблему оттока молодого населения в крупные города.

Жилье в Чинкуэфронди привлекательно также из-за благоприятной эпидемиологической обстановки — за все время пандемии коронавируса в коммуне не было ни одного случая заражения.

Все, кто решат купить дом по льготной цене, будут обязаны отремонтировать его в течение трех лет. Кроме того, покупателю необходимо заплатить специальный сбор в 250 евро. Если в установленный срок дом не отремонтируют, владельца жилья оштрафуют на 20 тысяч евро.

CNN Travel

ПОЗДРАВЛЕНИЕ

ВЫРАЖАЮ БЛАГОДАРНОСТЬ!

Очень душевные, человечные медсестра и врачи! Я хочу выразить благодарность вам, за проявленную заботу и милосердие. Когда я заболел зимой, и нуждался в помощи, вы несмотря на праздники, и очень холодную погоду, выполняли свой врачебный долг. Спасибо – терапевту, лечащему врачу дневного стационара – Қаиржану Маратовичу, а также фельдшеру поликлиники №2 – Самал Дулатбаевой, что ответственно отнеслись к лечению на дому, и были рядом до полного выздоровления!

От всей души благодарим наших девочек! Поздравляем медсестер №25 участка – Аманбаеву Адему Сергеевну, и Қабышеву Динару Қайратовну с праздником! Профессию медсестры может выбрать только по-настоящему добрый, отзывчивый, внимательный, чуткий к чужой беде человек. Так пусть же и вам в повседневной жизни встречаются лишь такие сердечные люди. Хочу пожелать, чтобы ваш нелегкий труд всегда оценивался по достоинству! Счастья, любви и всех благ, дорогие медицинские сестры!



**Шаймұрат ШАЯХМЕТОВ,
обладатель нагрудного знака
«Кәсіподақ ардагері».**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАЙЗАҒАЙ

ЖЫЛҚЫДАН ШОШҚА ОЗЫП ТҰР

БҰЛ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНЕ КІМ КЕЛІП КІМ КЕТПЕДІ. БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ СИЯҚТЫ ТОПЫРЛАП КЕЛІП, ӘР ЖАҢА МИНИСТР ОЙҒА АЛҒАН РЕФОРМАСЫН АЯҒЫНА ДЕЙІН ЖЕТКІЗЕ АЛМАЙ, ТАБАНДАРЫН ЖАЛТЫРАТЫНДАР ҚАТАРЫНДА АТЫШУЛЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ДЕ БАР. ҚАЙБІР ЖЫЛДАРЫ ОСЫ САЛАНЫ ЖӘНІБЕК КӘРІМЖАНОВ БАСҚАРҒАНДА ЕГІСТІК АЛҚАПТАРЫНАН БАСТАП, НҰР-СҰЛТАНДЫ (АСТАНАНЫ), АҚОРДАННЫҢ ӨЗІН ЗИЯНКЕС ЖӘНДІК ШЕГІРТКЕ ЖАУЛАП АЛҒАН-ДЫ. МАМЫТБЕКОВ БАСҚАРҒАН ЖЫЛДАРЫ МАЛ ТҰҚЫМЫН АСЫЛДАНДЫРАМЫЗ ДЕП МЕМЛЕКЕТТІҢ МИЛЛОНДАРЫН ЖЕЛГЕ ҰШЫРДЫҚ. ШӨКЕЕВ ҚАЗАҚТАР ЖЫЛ САЙЫН ШЕТЕЛДЕРГЕ 60 МЫҢ ТОННА САПАЛЫ СИЫР ЕТІН ЖӨНЕЛТЕДІ ДЕП ЖҮРІП, ӨЗІМІЗДІ ӨЗІМІЗ ЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛМАЙТЫНДАЙ ҚҰЛДЫРАТТЫ САЛАНЫ.

Тәуелсіздік алғалы отыз жылдың ішінде аграрлық сала, оның ішінде мал шаруашылығы әлі күнге дейін бір жүйеге түсе алмай келеді. Күрмеуі тарқатылмай, ащы ішектей созылған проблемалардан қажыған шаруалардың жанайқайын күнде естіп жүрміз. Соның бірі – субцидиялау. Демеу қаржыны да қолы жеткендер алады. Әупірімдеп, дүние-мүліктерін кепілге қойып, несие алғанда субсидиядан бір қағылып, одан қалса кепілге қойған дүние-мүліктерін қайтара алмай сот табалдырығын тоздырып жүр. Бұдан бөлек жанар-жағар май, техника жаңарту, тұқым мәселесі, мал басын көбейтуге қатысты «БІР КЕМ ДҮНИЕ» енді шошқаға келгенде жомарттығы ұстап, қазақтың қолайына жаққан төрт түлікке келгенде табылмай қалатын қолдаулар мен талпақ танауды жарылқап тастапты.

Хайуандардың ішінде тойымы жоқ, нәжісті де талғажау ете беретін, аяушылық сезімі жоқтықтан өз торапайын тамағынан өткізіп жіберетін талпақ танауды өсіруді мықтап қолға алған ауылшаруашылығы жайлы әңгімені арыдан бастағанды жөн көріп отырмыз. Ақпарат құралдарында қызу талқыға түскен доңыз мәселесі сонау кеңестік кезеңде кең өріс алған-ды. Мен өзім туып өскен Панфилов ауданында қазір «Алты үй» деп аталатын елді мекен советтік дәуірде «Киров» атындағы колхоз болатын. Оның төрағасы Ибрайымжан Қожахметов еді. Атағы дүркіреп одаққа тараған бұл шаруашылық шошқа өсірумен айналысты. Ең сорақысы, сондағы мал мамандары ветеринар, зоотехниктер мен жұмысшылардың арасында өзіміздің қаракөздер көптеп жүрді. Ол дәуірге кінә арта алмайсың. Советтің шеңгелінде құрсауланып тұрған Қазақстанда екі шаруашылықтың бірі доңыз өсіретін. Ең сорақысы, бұл харамның етін де, колбасасын да басқамен бірге жергілікті мұсылман халқы да тұтынды. Тіпті, шошқа өсіргендерді дәріптедік, мадақтадық! Алаштың ардақтысы, әйдік жазушы Мұхтар Әуезов ақындығын оң бағалаған жаркенттік Асылақын Қалиев облыстық бір айтыста Екі мәрте еңбек ері атанған Николай Никитович Головацкий басқарған «Октябрдің 40 жылдығы» атындағы колхоздың үйрегін мақтайды ғой. Жаркенттің жүгерісін, үйрегін айтып асқақтаған Асылақынды сол кездегі «Гвардия» ауданының, қазіргі Кербұлақтың кержоғасы, ақтангер ақын Әбікен Сарыбаев:

«Асеке, мақтай бермей үйрегінді,
Шошқаға да бұрсаңшы бүйрегінді.
Шошқаның колбасасын бір асасаң,
Түсіреді ішіндегі түйнегінді» – дегенін ел аузынан тастамай айтып жүрді. Мін көрдіңіз бе, сол кезде де шошқаның насихаты керемет болғанын.

Одан бері де не заман өтті. «Елу жылда ел жаңарды. Тәуелсіз Мемлекет болдық. Халал мен харамды ажыраттық. Бірақ, шошқанның дәуірі қайта туды. Айналадағы көрші қоланның, берісі шығыс пен арысы батыстың қажеттілігіне орай ет экспортында сұранысқа ие талпақ танауға деген қызығушылық артыпты. Басқаны айтпағанда, негізгі тұрғындарын жергілікті жұрт құрайтын Жетісу өңіріндегі киелі аймақ Қараталда 2014 жылдан бері алпыс мың шошқа бағатын шаруашылықтың негізі қалануда. Алғашында қарсылық білдірген тұрғындар екі қолға бір күректі содан табатындықтан ақыры көнді.

Мемлекет тарапынан жылқы мен сиырға, қой мен түйеге бұйырмаған қолдау қаражаттарының шошқаға келгенде шашудай шашылуы жарыққа шығып кеткеннен кейін қызу талқыға түскен шошқа етін өндіруге субсидия беру мәселесіне қатысты Ауыл шаруашылық министрі берген мән-жайға құлақ түріп көрелік.

«*Мемлекет әрқашан экономикалық тұрғыдан тиімді болу үшін көршілес елдердің сұранысына мән беріп, нарықтағы тұтынушы талабын ескереді.*

Қазақстанда 2018 жылдан бастап шошқа етін өндіруді субсидиялау тоқтатылған, бұл шошқа өндірісіне мемлекеттік қолдаудың жалпы көлемінің 2 есе азайғанын көрсетті. Қазіргі уақытта салада тек екі субсидия бар: асылдандыру мен өсіруге кеткен шығындарды өтеу. Алайда өткен жылы бұл субсидияны тек бір шаруа қожалығы ғана пайдаланып, небәрі 6 бас мал алынды», – дейді.

«*Бір шошқаға 140 000 теңге беріліп, пайғамбардың көкке көтерілген пырағына бір тиын да бөлінбепті*» деп шу ете қалған ақпаратқа берген ауылшаруашылығы басшылығы жылқы шаруашылығымен айналысатын отандық тауар өндірушілер де қолдау шаралары назардан тыс қалмайтынын айтуда. Бірақ, таразының басын бәрібір талпақ танау басып тұр.Себеп, шошқа мен жылқының әр басына төленетін субсидияның айырмашылығы экспорттық әлеуетке байланысты екен. Ал қылқұйрықты жылқы еті тек ішкі нарыққа бағытталған өнім, ол экспортқа шығарылмайтын көрінеді. Демек, жылқы етінің дәрумендік пайдасын, етінің, сүтінің түрлі ауруларға ем екенін ғалымдар мен дәрігерлер дәлелдесе де, соны өтімді тауарға айналдыра алмаған қарға тамырлы қазақтың шенді-шекпенділерінің өзі кінәлі. Жылқының жарнамасын жалпақ әлемге жарнама жасай алмай отырмыз. Шошқа етін

экспорттауға былтыр 800 тоннаға сұраныс бар деген ауылшаруашылығы министрлігі қамбар ата тұқымының еті түгіл сүтін өткізе алмай отыр ғой. Есесіне оны немістер патенттеп алып, түрлі дәрумендер шығаруда. «Қолда барда алтының қадірі жоқ» деген осы ғой! Мәселен, жылқы басын 20 000-ға жеткізуді көздеп отырған белгілі меценант, «ZHERSU» инвестициялық-өндірістік корпорациясы бақылау кеңесінің төрағасы Бауыржан Оспановтың «ALAKOL ASYL ZHYLKISY»ЖШС Жапония мемлекетінен келген арнайы делегациямен келісім шарт жүргізіп жатқанын айтқанбыз, жазғанбыз. Шетелге жылқы етін экспорттаудың алғашқы шартында осы шаруашылық қолға алуда. Неге тек ішкі нарықпен ғана шектелуіміз керек. Жарнамасы мен насихаты дұрыс болса, шошқа етін ғана тұтынатын халықтар жылқы етіне де сұраныс салады ғой. Оған Бауыржан Оспановтың жапондармен жүргізіп жатқан келісімшарты дәлел. Ол аз десеңіз, Қазақстаннан Ресейге көшіп кеткен орыстар мен Германияға кеткен немістер жылқы сойып жейді екен. Тіпті көрші Қытай мемлекетінен көшіп келген қазақтар көрші тұрған қытайдың қазақтардан қалыспай жылда соғымға жылқы сойып алатынын жырдан қызық қып айтып жүр. Европалықтар жылқы етін жемейді деген құр сылтау, оларға қымызының, етінінің дәмін таттырып, тіпті спортшыларға күш-қуат беретінін жарнама жасасыншы, балға құмартқан аюдай бас салар еді. Бұл үрдістен Алматы облысы да кенже қалып тұрған жоқ. Талпақтанауды табыс көзі санап, агроөнеркәсіп кешенін дамыту мен қаржылай қолдау мақсатында өткен жылдан бері демеуге қажет 100 млрд теңге қаржы «Агробизнес-2020» бағдарламасы жүзеге асуда. Сыртқы елдің сұранысын өтеуге қажетті ет өндірісінің барлық түрін қолдау аясында шошқа шаруашылығын дамыту да қарқын алды. Доңыз етіне деген сұраныстың басым бөлігі Қытайға жөнелтіледі дейтін деректер бар. Ауылшаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша елімізде алдағы 6 жыл ішінде 26 ірі шошқа шаруашылығы ашылмақ. Жылына 50 мың тоннаға дейін ет беретін кешендердің жанынан доңыз тұқымын асылдандыру мен сұрыптаумен айналысатын арнайы орталықтар да құрылмақ. Былтыр аймақтағы «Бекон» серіктестігі асыл тұқымды шошқа өсіру зауытын ашқан-ды. Мұнда 1800 бас талпақ танауға арналған селекциялық-гибридтік орталық жұмыс істеп тұр. Өндіріс жылына 60 мың тонна шошқа етін экспортқа шығаруға қабілетті. Сондай-ақ, Алматы облысында 1200 бас шошқа жемдейтін кешен тағы ашылды. Қаратал ауданындағы «Агро-Инвест-Қаратал» серіктестігі «Аграрлық несие» корпорациясының қаржыландыруымен шошқа етін дайындайтын кешенді іске қосқан болатын. Үштөбе қаласында орналасқан өндіріс кластерлік жүйемен жұмыс істемек. Жаңа заманғы технологиямен басқарылатын кешенге 815 млн теңге инвестиция жұмсалыпты. Өндіріс толық қуатына көшкен кезінде күніне 13 тонна ет дайындалып, 60 адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Қазір мұнда 1200 бас шошқа жемдеуге қойылған. Талпақ танау санын көбейту үшін Дат елінен Ландрас және Йоркшир тұқымдас 312 бас мегежін сатып алынған. Мейлі ғой, ел экономикасын дамытуда нарық заңына орай икемделіп, сұранысқа қарай өнім өндіретін уақыт. Алайда, осы шошқа өсірумен, қазақтар айналысып кеткеніне жүрегің ауырады. Мәселен, Жамбыл облысының Құланды ауылында бес уақыт намаз оқитын қажының доңыз өсірумен айналысатыны сол ауылға айтысқа барғанда естіп жағамызды ұстағанбыз. Тіпті, Батыс Қазақстаннан барған Мұрадым Мирланов, Жамбыл облысының намысын қорғаған Асхат Қылышбекке КТК арнасында шу болған 50 000 шошқа жайлы жырмен әжуалап айтқаны барды. Сондағы Асхат Қылышбектің жауабы ойымда қалыпты.

Бұл сөзің маған құрған қақпан шығар,
Шошқа бағу – біреуге мақтан шығар.
Қалип қажы басымен шошқа бақса,
Оны да жын-шайтан кеп қаққан шығар.
Болмаса ерте көктем ұйықтап қалып,
Жыланкөздің жыланы шаққан шығар.
Немесе шошқаларын сүндеттеп ап,
Мұсылман шошқа қылып баққан шығар.
Бірақ ұрғашыларын қалай сүндеттейді,
Шамасы ол ғалым-білгіш атпал шығар.
Шошқаға ұқсайтұғын будан жасап,
Қойдың да жаңа тұқымын тапқан шығар.
Сол қойды шошқа екен деп қателесіп,
КТК айтып жүрген ақпар шығар –дегені бар-ды. Бір ғажабы қолынан құраны түспеген қажының шошқасын орыстар бағып, өзі қадағалайды. Осыны да дөп меңзеген Асхат Қылышбек:

Откормдағы орыстарды қыстай қысып,
Тоқтат дедім айлық, кіріс-несібені.
Көктем шыға солардың бәрін жиып,
Шошқа баққан тау жаққа көшіреді.
Амалсыз іштен шыққан шешім еді.
Ел жұртты шулатқан бұл мәселе,
Алдағы жазға таман шешіледі – деп ақталған. Алайда, қажы молда шошқа санын бүгінде 100 000-ға апарып қалды-ау дейді. Ал, енді осы шошқадан тапқан табыс көзі халал ма, харам ба оны дін саласындағы мамандар пайымдай жатар. Жетісудың Сарқан ауданында да кезінде Омарғазы деген кәсіпкер болды (*қазір марқұм болып кетті*). Ол да: «шошқа бағам деп басыман бағым тайды» деп айтып жүретін...

«Торғай сойса да, қасапшы сойсын» дегендей, шошқаны да шошқа жейтіндер бақса бір сәрі, қыруар пайдасы бар, әрі субсидиясы көлкесір деп қазақтың көбі шошқа бордақылап кетпесін деңіз. Қалай десек те, жылқыдан шошқа озып тұр.

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

МЕДИЦИНАДАҒЫ ТЫҢ СЕРПІЛІС

Қазақстанда жыл сайын маусым айының үшінші жексенбісінде медицина қызметкерлерінің күнін атап өту дәстүрге айналған. Адам жанының арашасына айналған абзал жандар еліміздің денсаулық сақтау саласына орасан зор үлес қосып келеді. Бүгінгі таңда білікті мамандардың арқасында ел медицинасы қарқынды дамып, өзге мемлекеттермен иық тіресер дәрежеге жеткен.

Бұл тұрғыда Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасының атқарған ауқымды істерін атап өткен орынды. Өңірде денсаулық сақтау саласын дамыту мен медициналық емдеу және алдын алу мекемелерінде көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру бағытында нәтижелі жұмыстар қолға алынған. Әсіресе, 2016-2019 жылдар аралығындағы «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында атқарылған істердің ауқымы кең.

Бүгінде Алматы облысы көлемі бойынша 804 денсаулық сақтау мекемесі жұмыс жасайды. Олардың 163-і жекеменшік болса, 641-і мемлекет меншігіндегі мекемелер. Бұған қоса, облыстық деңгейде тоғыз аурухана, үш қалалық аурухана және екі психикалық денсаулық орталығы стационарлық көмек көрсетеді. Облыстың медициналық мекемелерінде 4 756 ақ халатты қызмет атқарса, орта медициналық қызметкер саны 14 961-ді құрайды. Биылғы жылы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдарға 173 жас маман келді. Оның 97-і ауылдық жерде қызмет атқаруда.

Жыл басталғалы бүкіл әлемді дүр сілкіндеріген жұқпалы індет Алматы облысын да айналып өтпеді. Осы уақытқа дейін өңірде коронавирус дертін жұқтырушылар саны 500-ден асып жығылды. Дертпен күресу барысында өңірдің денсаулық басқармасы емдеу және алдын алу шараларын жедел ұйымдастырып, сақтық шараларын тез арада қолға алды. Маусым айының басындағы жағдай бойынша облыста коронавирус инфекциясы диагнозы қойылған науқастарды емдеу үшін 200 төсек дайындалған. Атап айтсақ, Қарасай орталық аудандық ауруханасында төсек саны 50-ден 70-ке дейін, Еңбекшіқазақ МББ-да 50-ден 60 кереуетке дейін кеңейтіліп, 1095 уақытша және 1250 карантиндік (байқау) төсегі қойылған. Қажет болған жағдайда төсектер саны 11 217-ге дейін көбейтілмек.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бауыржан Ысқақтың айтуынша, өңірде індетпен күресу барысында қажетті құрал-жабдықтарға мұқтаждық туындамаған.

Биыл облысымыздың денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға 4,7 млрд. теңге қарастырылған.

– Облыста күніне 2 мың зертханалық сынақ өткізілетін 6 зертхана бар. Осы уақыт аралығында амбулаториялық және стационарлық деңгейде 754 дәрігер тартылды. Сонымен бірге, 202 реанимациялық төсек бар болса, оның 66-сы коронавирустық инфекцияға күдіктенген және расталған адамдарға арналған. Ауруханаларда 200 жұмыс істейтін желдету құрылғысы орнатылған. Олардың 60-ы балалар, 140-ы ересектерге арналған,– дейді ол.

Биыл өңірде жалпы құны 3,8 млрд. теңгені құрайтын 14 нысанның құрылысын жүргізу жоспарда. Атап айтқанда, Жамбыл ауданындағы Ұзынағаш ауылында 100 төсек-орынға арналған перзентхана, 10 дәрігерлік амбулатория мен медициналық орталық салынбақшы. Мәселен, облыс басшысының тапсырмасымен 2020 жылдың екінші жартысында Панфилов ауданының Педжим ауылында 50 адамға арналған дәрігерлік

Алматы облысы көлемі бойынша 804 денсаулық сақтау мекемесі жұмыс жасайды. Олардың 163-і жекеменшік болса, 641-і мемлекет меншігіндегі мекемелер.

амбулаторияның құрылысы басталады. Оған облыстық Мәслихаттың шешімімен қаражат бөлініпті.

Сондай-ақ құны 1,9 миллиард теңгені құрайтын бес медициналық нысан жөнделеу көзделуде. 2022 жылға дейін 16,1 млрд.теңге қаражатқа 347 дана медициналық жабдық сатып алу және медициналық ұйымдар мен ауруханаларды жабдықтармен толықтай қамтамасыз ету жоспарланған. Мәселен, жалпы хирургия және басқа салалар үшін стационарлық және жылжымалы флюорографтар, сандық маммографтар, бейне-эндоскопиялық кешендер, рентгендік диагностикалық аппарат, өкпенің жасанды тыныс алу аппараттары, анестетикалық тыныс алу аппараттары, көлік инкубаторы сынды аспаптар сатып алынбақшы.

– Бүгінде медициналық техниканың қол жетімділігі едәуір артқанын атап өткім келеді. Мәселен, облыстың медициналық мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін 2016-2019 жылдарға арналған жергілікті бюджеттен 15,2 млрд. теңге қарастырылып, ол толығымен жұмсалды. Оның ішінде жергілікті бюджеттен 14,7 млрд. теңге, республикалықтан 522,9 млн. Осы қаражаттың көмегімен 856 дана медициналық техника мен 67 жедел жәрдем көлігі сатып алынды,– дейді Бауыржан Ербозымұлы.

Облыс көлемінде мүмкіндігі шектеулі жандарды емдеу мен күту мәселесі де назардан тыс қалған емес. 2018 жылдан бастап балалар үйлерінде күндізгі медициналық орталықтар ашылып, онда жарымжан балаларды медициналық оңалтумен айналысу қолға алынған. Нәтижесі де жаман емес, ата-аналар дән риза. Себебі, бұл топ ашылғаннан бері 37 бала сауықтырылыпты.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жүзеге асыруда да атқарылған істер мен қолға алынған шаруалар біршама. Аталмыш жүйені облыстың барлық медициналық ұйымына енгізе отырып, олар үшін реабилитациялық төсектер мен арнайы бөлімдер құрылған. Алдағы уақытта оңалту бөлімшелерін жабдықтау үшін 95 млн теңгеге медициналық жабдықтар сатып алынбақшы. Сондай-ақ, 2019 жылы құрылысы басталған Талғар аймағында 60 адамға арналған оңалту орталығының құрылыс жұмысы қарқынды. Биыл «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы» қорымен бірлесіп, Жамбыл орталық аудандық ауруханасының жаңа ғимаратында 20 төсектік балаларды сауықтыру орталығы ашылады деп күтілуде.

Облыс тұрғындары арасында нашақорлық пен алкоголизмнің өткір проблемасы басты бақылауда. Бұл жөнінде басқарма басшысы зиянды әдетке жақын жандармен жұмыс кезең-кезеңімен жүзеге асырылатындығын айтады.

Яғни, бұл процеске тестілеу, анықтау, емдеу, оңалту және алдын алу шаралары кіреді екен. Сонымен бірге, науқастың жақындары, отбасы мүшелері де тартылады. Себебі, емдеу мен оңалтудың толық технологиясын жасаудан гөрі мәселені дер кезінде анықтау және алдын алу анағұрлым маңызды болмақ. Бұған қоса, халықтың салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру, жаман әдеттерден бас тарту жөніндегі жұмысты жандандыру мәселесі назардан тыс қалмақ емес. Аймақта бүгінгі таңға дейін белсенді санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу жалғасын тауып келеді.

Биыл алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдарға 173 жас маман келді. Оның 97-і ауылдық жерде қызмет атқаруда.

Мәселен, пациенттердің туыстарымен әңгімелер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, ашық есіктер, акциялар, нашақорлықтың және есірткі бизнесінің алдын алу және оған қарсы тұру үшін билбордтар құру маңызды мәселелер қатарында.

Соңғы жылдары еліміз көлемінде ата-аналардың балаларға арналған вакцинациядан бас тарту жағдайы айтарлықтай көбейді. Алматы облысы денсаулық сақтау басқармасы баспасөз қызметінің мәліметінше, бұл өзекті мәселе облыс көлемінде де күн тәртібінен түспей, түсіндіру шаралары жүргізіліп келеді.

– Вакцинациядан бас тартқан ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Дін, денсаулық сақтау басқармасы мен тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі комитетінің департаментінің бірлескен жұмысының арқасында діни себептер бойынша вакцинациядан бас тарту саны азайды. Мәселен, өткен жылы бірнеше дөңгелек үстелдер өткізіліп, түрлі діни конфессиялардың өкілдері - православие шіркеуі, мұсылман одағы шақырылды. Олардың барлығы бірауыздан пікірде: денсаулықты сақтауға және жақсартуға бағытталған нәрсені барлық діндер құптайды. Жалпы, аймақта вакцинация тақырыбында 18626 адамды қамтыған 646 іс-шара өткізілді,– дейді мамандар.

Заманауи жабдықтар мен қажетті құралдарсыз сапалы медициналық қызмет көрсету мүмкін емес. Сондықтан, «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы алғашқы медициналық-санитарлық көмектің дамуына барынша басымдық берді. Ал биыл облысымыздың денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға 4,7 млрд. теңге қарастырылған. Аталған бағдарламаны іске асыру барысында жергілікті бюджет есебінен облыстың медициналық ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту басты назарға қойылып, нәтижесінде жалпы құны 15 млрд. теңгені құрайтын 1075 дана заманауи медициналық құрал-жабдықтар мен 138 жедел жәрдем көлігі сатып алынған. Ел тұрғындарының денсаулығын сақтаудың тиімді әрі орнықты жүйесін дамытуды көздейтін бұл бағдарлама аясында қолға алынған шаралардың арқасында облыс көлемінде денсаулық сақтау саласы айтарлықтай жетістікке жетті. Атап айтсақ, соңғы төрт жылда облыста өмір сүру ұзақтығы екі жылға дерлік өскен. 2019 жылы өңір халқының өмір сүру ұзақтығы 74,13 жасты құраса, 2020 жылы бұл көрсеткішті 74,17 жасқа көбейту жоспарланған.

Ұлтының жарқын болашағын ойлаған мемлекет алдымен азаматтарының денсаулығын басты назарда ұстайды. Бұл тұрғыда еліміз кенжелеген жоқ. Себебі, биылғы тосыннан келген жұқпалы індетпен күресуде барын салып, аянбай қызмет еткен ақ халаттылардың еңбегінің орасан зор екені баршаға аян. Мойнына жауапкершілік жүгі артылған денсаулық сақшыларының еңбегі ескерусіз қалмақ емес. Мемлекет басшысы да медицина қызметкерлерінің жалақысын 2023 жылға дейін біртіндеп 2,5 есеге арттыруды тапсырды. Демек, бұл медицина саласына тың серпіліс әкеп қана қоймай, дәрігерлердің тұрмыстық халахуалын жақсартуға, әлеуметтік жағдайын көтеруге ықпал ететіні даусыз.

Лина АЙДЫНҚЫЗЫ

Дүйсенбі - Понедельник, 22 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.20 Әнұран
06.05 «Ауылдастар»
06.40 «Мәселе»
07.20 Т/х «Шашу»
08.20 «Жүрегімнің ішіндегі жүрегім» С. Майғазиевтің концерті
10.00, 18.00 Т/х «Шексіз сезім»
12.00 «Niet»
13.00 «Апта». Ақпараттық-сараптамалық бағдарлама
13.30, 01.40 «100 jana esim»
14.10, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер»
15.05, 22.20 Т/х «Әмірші әйел»
16.10, 23.20 Телехикая «Әскерден хат»
17.00 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ
20.00, 00.20 AQPARAT
20.40, 01.00 «Ashyq alan». Қоғамдық-саяси ток-шоу.

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 7 күн повтор
07.00, 10.00 «Вкусное утро»
07.35 «Менің тағдырым»
09.10, 18.25 «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР»
10.35, 17.10 Т/с «Разия»
10.50, 01.30 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ»
12.30 «Баспаханаға бағыт»
13.00 Т/х «СҮЙЕ БІЛСЕҢ»
14.40, 21.40 «Жестокий Стамбул». Т/с
15.25, 22.25 Т/с «Большая маленькая ложь»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане
21.00 Итоги дня
22.25 Т/Х «КӨКЖАЛ»
00.00 «Жұлдыздар айтысады»

АСТАНА

06.00, 03.35 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00,17.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кулфи»
11.20, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг» корей телехикаясы
14.00 Специальный репортаж
14.15 «Союзмультфильм»
14.55, 00.30 «Бір болайық» үнді телехикаясы
16.00 «АЙТАРЫМ БАР»
16.55 «Арнайы репортаж
18.00 «1001 түн» түрік телехикаясы
19.00 Тұсаукесер! «КЕК» түрік телехикаясы
20.00,01.00 ASTANA TIMES
20.30 «Отбасы»
01.40 Шіман апаның хикаялары
02.10 «Әзілстан» жасырын камера
02.30 «KazNet» ғаламторға шолу
02.50 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.35 «Домашние войны» ситком

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Тағы да сүй»
07.00 «Той заказ»
07.30 «Басты бағдарлама»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.00 «QOSLIKE» бағдарламасы.
15.45 «Наживка для ангела». Многосерийный фильм
16.45 «Пусть говорят»
18.00 «Басты Жаңалықтар»
18.45, 03.15 «Басты прайм»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 22.50 «Гончие-4»
22.00, 02.45 «П@УТІNA»
00.25 «ОСВОБОЖДЕНИЕ»
01.55 ВЕЧЕРНИЙ УРГАНТ
04.15 ҰШҚАЛАҚ

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
07.50 КТК WEB
08.30 Т/х «Саодат»
09.50, 01.30 Х/ф «Переверни страницу»
11.50 Х/ф «Злоумышленница»
15.30 Т/х «Улы тамшылар»
18.00 Т/с «Ясминның тағдыры»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Сиделка»
23.40 «Высокие ставки»
03.00 Т/х «Сүйікті Дениз»
04.00 КТК WEB

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Спорт-тайм»
11.20 «Бағбан»
11.50 «Қазақ хандары»
12.00 «Киноман»
13.00 «Әсем әуен»
14.00 «Ел мен жер»
14.15 «Ұлылықұясы»
15.00 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Әсем әуен»
19.00 «Әдебиет пен адамзат»
19.30 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен»
20.15 «Абай-175»
20.30 Жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Новости
22.00 «Ән тыңдайық» /онлайн-концерт/
22.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости
23.55 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Ризамын»
07.00 Информбюро
07.50 Т/с «Ганга»
10.00 Мультфильм «Лунтик»
11.15 Х/ф «Посвященный»
13.30 «Келіндер бәйгесі»
14.30 «Кел, татуласайық»
17.00 «Экстрасенсы детективы»
18.00 Т/с «Идеальный враг»
19.00 Т/с «Инквизитор»
20.00 Информбюро
21.05 Т/с «Знахарь»
22.05 Т/с «Махаббатым, кеш мені»
00.10 Т/с «ИНТЕРНЫ»
01.50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 «Ризамын»
04.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 Қыздар арасында
06.50, 05.15 «Гу-гулет»
07.30, 15.00 «Парижден мені іздеп тап»
08.00 «Q-елі»
09.00 М/ф «Норм и несокрушимые: большое путешествие »
10.40 «Дизель-шоу»
11.40 Т/с «Куба»
12.40 Т/с «Следователь протасов»
14.30, 01.30 «Келесі кім?»
15.30, 01.00 Т/с «Побег из аула-2»
16.20 Т/с «Замуж после всех»
17.20 Сериао «Вольная грамота»
18.20 Т/с «Город особого назначения»
19.15 Т/с «Домик на счастье-2»
20.15 «Жолдамалы қалындық»
21.10 «Зың-зың Күлпәш»
22.00, 03.45 «Элиф»
22.50 Х/ф «Кровавый спорт»
02.00 Айнаонлайн»
04.30 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 23 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.50 Әнұран
06.05 «Ауылдастар»
06.40, 20.00, 00.10 AQPARAT
07.20 Т/х «Шашу»
08.20 Концерт
10.00, 18.00 Т/х «Шексіз сезім»
12.00 «Niet»
13.00, 01.40 «Арнайы репортаж»
13.20 «Қызық екен...»
14.10, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер»
15.05, 22.20 Т/х «Әмірші әйел»
16.10, 23.20 Телехикая «Әскерден хат»
17.00, 02.00 «Konil tolqyny»
20.40, 00.50 «Ashyq alan».

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 Қорытынды жаңалықтар
07.30, 10.00 «Вкусное утро»
08.05 «Менің тағдырым»
09.10, 18.25 «Пәленшеевтер».
10.30, 17.10 Т/с «Разия»
11.45, 01.30 Т/х «Тракторшының махаббаты»
12.30 «Баспаханаға бағыт»
13.00 Т/х «Сүйе білсең»
14.40, 21.40 «Жестокий Стамбул». Т/с
15.25 Т/с «Большая маленькая ложь»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.50 «Новый курс»
21.00 Итоги дня
00.00 Щоу талантов

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00,17.50 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кулфи»
11.20, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг» корей телехикаясы
14.00 Союзмультфильм
14.55, 00.30 «Бір болайық» үнді телехикаясы
16.00 «АЙТАРЫМ БАР»
16.55 «Қош келдіңіз!»
18.00 «1001 түн» түрік телехикаясы
19.00 Тұсаукесер! «КЕК» түрік телехикаясы
20.00,01.00 ASTANA TIMES
20.30 «Отбасы»
01.40 «Шімән апаның хикаялары»
02.10 «Әзілстан» жасырын камера
02.30 «KazNet» ғаламторға шолу
02.50 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.35 «Домашние войны»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Тағы да сүй»
06.45 «Той заказ»
07.15,18.00 «Басты Жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.00 «QOSLIKE» бағдарламасы.
15.45 «Наживка для ангела». Многосерийный фильм
16.45 «Пусть говорят»
18.45, 03.10 «Басты прайм»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 22.50 «Гончие-3»
22.00, 02.25 «П@УТІNA»
00.25 «Прорыв»
01.50 «ВЕЧЕРНИЙ УРГАНТ»
04.10 «Ұшқалақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05, 03.20 «Мерекелік концерт»
07.20, 19.30 Кешкі жаңалықтар
08.30 Т/х «Саодат»
09.50 НОВОСТИ
10.30, 01.30 Х/ф «Путешествие к центру души»
11.30, 23.40 «Высокие ставки»
13.20, 21.40 «Сиделка»
15.30 Т/х «Улы тамшылар»
18.00 Т/с «Ясминның тағдыры»
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
02.10 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.50-04.20 «КТК веб»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Д/ф «Кең ауқымда»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Ән тыңдайық» /онлайн-концерт/
11.30 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
11.50 «Қазақ хандары»
12.00 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Әсем әуен»
14.00 «Ғибрат»
14.30 «Монолог»
15.00 «Әсем әуен»
16.00 «Болмыс» ток-шоуы
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Әсем әуен»
19.00 «Сегодня» /тікелей эфир/
19.30 «Оқырман»
20.15 «Абай-175»
20.30 Жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Новости
22.00 «Ән тыңдайық» /онлайн-концерт/
22.30 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости
23.55 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Ризамын»
06.50, 20.00 Информбюро
07.50 Т/с «Ганга»
10.00 Мультфильм «Лунтик»
11.00 Мультфильм «Аладдин»
12.30, 21.05 Т/с «Знахарь»
13.30 «Келіндер бәйгесі»
14.30 «Кел, татуласайық»
17.00 «Экстрасенсы детективы»
18.00 Т/с «Идеальный враг»
19.00 Т/с «Инквизитор»
22.05 Т/с «Махаббатым, кеш мені»
22.05 Т/с «Махаббатым кеш мені»
00.15 Т/с «ИНТЕРНЫ»
02.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 «Ризамын»
04.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 Қыздар арасында
06.50, 05.15 «Гу-гулет»
07.30, 15.10 «Парижден мені іздеп тап»
08.00, 21.50, 03.45 «Элиф»
09.00, 17.20 Т/с «Вольная грамота»
10.10 «Смеяться разрешается»
11.40, 18.20 Т/с «Город особого назначения»
12.40, 22.50 Т/с «Следователь протасов
14.40, 01.30 «Келесі кім?»
15.40, 00.50 Т/с «Побег из аула-2»
19.15 Т/с «Домик на счастье-2»
20.15 Т/с «Жолдамалы қалындық»
21.00 Т/с «Зың-зың Күлпаш»
02.00 Айнаонлайн»
04.30 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 24 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.50 Әнұран
06.05 «Ауылдастар»
06.40, 20.00, 00.10 AQPARAT
07.20 Т/х «Шашу»
08.20 Ақылбек Жеменейдің концерті
10.00, 18.00 Т/х «Шексіз сезім»
12.00 «Niet»
13.00, 01.40 «Jan jylyy»
13.20 «Қызық екен»
14.10, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер»
15.05, 22.20 Т/х «Әмірші әйел»
16.10, 23.20 Т/х «Әскерден хат»
17.00, 02.00 «Konil tolqyny»
20.40, 00.50 «Ashyq alan». Қоғамдық-саяси ток-шоу.

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00, 21.00 Итоги дня
07.30, 10.00 «Вкусное утро»
08.05 «Менің тағдырым»
09.10, 18.25 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР»
10.30, 17.10 Т/с «Разия»
11.45, 01.30 Т/х «Тракторшының махаббаты».
12.30 «Баспаханаға бағыт»
13.00 Т/х «Сүйе білсең»
14.40, 21.40 «Жестокий Стамбул». Т/с
15.25 Т/с «Большая маленькая ложь»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.50 «Індетпен күрескен Қазақстан»
00.00 «Central Asias Got Talant»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00,17.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кулфи»
11.20, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ханзада Жумонг»
14.00, 16.55 Специальный репортаж
14.15 «СоюзМ/ф»
14.55, 00.30 «Бір болайық» үнді Т/хсы
16.00 «АЙТАРЫМ БАР»
18.00 «1001 түн» түрік Т/хсы
19.00 Тұсаукесер! «КЕК» түрік Т/х
20.00, 01.10 ASTANA TIMES
20.30 «Отбасы»
20.55 Loto 6/49. Прямой эфир
01.40 «Шімән апаның хикаялары»
02.10 «Әзілстан»
02.30 «KazNet»
02.50 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.35 «Домашние войны» ситком

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Тағы да сүй»
06.45 «Той заказ»
07.15,18.00 «Басты Жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.00, 14.00 «QOSLIKE» бағдарламасы.
13.00 МОСКВА. КРАСНАЯ ПЛОЩАДЬ. ВОЕННЫЙ ПАРАД, ПОСВЯЩЕННЫЙ 75-Й ГОДОВЩИНЕ ПОБЕДЫ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ 1941-1945 ГГ.
15.45 «Наживка для ангела». Т/с
16.45 «Пусть говорят»
18.45, 03.10 «Басты прайм»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 22.50 «Гончие-3»
22.00, 02.25 «П@УТІNA»
00.25 «Освобождение». «Направление главного удара»
04.10 «Ұшқалақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
07.20, 19.30 Кешкі жаңалықтар
07.50, 03.50-04.20 «КТК web»
08.30 Т/х «САОДАТ»
09.50 НОВОСТИ
10.30, 01.30 «Путешествие к центру души»
11.30, 23.40 «Высокие ставки»
13.20, 21.40 «Сиделка»
15.30 Т/х «Улы тамшылар»
17.30 Т/х «АСЛЫ-ФЕРХАТ»
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
02.10 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.20 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Д/ф «Кең ауқымда»
10.30 «Сегодня»
11.00 «Ән тыңдайық» /онлайн-концерт/
11.30 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
11.50 «Қазақ хандары»
12.00 «Оқырман»
12.35 «Абай-175»
13.00 «Әсем әуен»
14.00 «Тарихпарақтары»
14.30 «Монолог»
15.00 «Әсем әуен»
16.00 «Жүрек сөзі»
16.30 «Ауылдағы ағайын»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Әсем әуен»
19.00 «Бүгін» /тікелей эфир/
19.30 «Қателік»
20.00 «Тарихтағытұлғалар»
20.15 «Абай-175»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Ұлт пен рух»
21.30 Новости
22.00 «Ән тыңдайық» /онлайн-концерт/
22.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости
23.55 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.50, 20.00 Информбюро
07.50 Т/с «Ганга»
09.50 М/ф «Лунтик»
11.30 М/ф «Аладдин»
12.30, 21.05 Т/с «ЗНАХАРЬ»
13.30 «Келіндер бәйгесі»
14.30 «Кел, татуласайық»
17.00 «Экстрасенсы детективы»
18.00 Т/с «Идеальный враг»
19.00 Т/с «Инквизитор»
22.05 Т/с «Махаббатым, кеш мені»
00.15 Т/с «ИНТЕРНЫ»
02.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 «Ризамын»
04.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 Қыздар арасында
06.50, 05.15 «Гу-гулет»
07.30, 15.10 «Парижден мені іздеп тап»
08.00, 21.50, 03.45 «Элиф»
09.00, 17.20 Т/с «Вольная грамота»
10.10 «Смеяться разрешается»
11.40, 18.30 Т/с «Город особого назначения»
12.40, 22.50 Т/с «Следователь Протасов»
14.40, 01.30 «Келесі кім?»
15.40, 00.50 Т/с «Побег из аула-2»
16.20 Т/с «Замуж после всех»
19.15 Т/с «Домик на счастье-2»
20.15 «Жолдамалы қалындық»
21.00 «Зың-зың Күлпәш»
02.00 Айнаонлайн»
04.30 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СҰХБАТ

АДАМ БАЛАСЫНА ҒҰМЫР СЫЙЛАЙТЫН ТЕК АЛЛА ҒАНА. КІМНІҢ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҒҰМЫР СҮРЕТІНІН ДЕ ҚҰДІРЕТІ КҮШТІ ҚҰДАЙ ШЕШЕДІ. АДАМ БАЛАСЫНЫҢ «ТАҒДЫРДЫҢ МАҢДАЙЫҢА ЖАЗҒАН ҒҰМЫРЫН СҮРЕСІҢ» ДЕЙТІНІ ДЕ СОНДЫҚТАН. «ҚАМШЫНЫҢ САБЫНДАЙ» КЕЛТЕ ӨМІРДЕ БАСЫ АУЫРЫП, БАЛТЫРЫ СЫЗДАМАЙТЫН ПЕНДЕ ЖОҚ. АУЫРА ҚАЛСАҚ, ЖАНЫМЫЗҒА АРАША СҰРАП ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ЖҮГІНІП ЖАТАМЫЗ. «АҚХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАН, АЖАЛҒА АРАШАШЫ»-ДЕП АЙДАРЛАП АТ ҚОЙҒАН САЛАНЫҢ БІРІ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ КӨПСАЛАЛЫ КЛИНИКАСЫ. МЕДИЦИНАДАҒЫ ӨЗ АТЫН АЛТЫН ӘРІППЕН ЖАЗУҒА ЛАЙЫҚТЫ БҰЛ САЛА, ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ ШАЛДЫҚҚАН НАУҚАСТАРДЫ ЕМДЕП КЕЛЕДІ. АЖАЛМЕН КҮНБЕ-КҮН, БЕТПЕ-БЕТ КЕЛЕТІНДЕР ДЕ ОСЫЛАР. «ЖАТЫР МОЙНЫ», «СҮТ БЕЗІ» СИЯҚТЫ ӨШРІП ТҰРҒАН КЕСЕЛДЕРМЕН КҮРЕСЕТІН АУРУХАНАНЫҢ БАС ДӘРГЕРІ ДАНИЯР ОРАЗБЕКҰЛЫМЕН СҰХБАТТАСЫП, ОҚЫРМАНМЕН ОЙ БӨЛІСУДІ ӨТІНДІК.

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАР САНЫ АРТЫП БАРАДЫ

– Данияр Оразбекұлы, сұхбатымызды өзіңіз басқарып отырған облыстық көпсалалы клиниканың тарихынан бастасақ. Мекеме өз жұмысын қай кезден бастады?

– «Біздің тарих ол да бір қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ тағы»-деп, ақын Қадыр Мырза-Әли айтқандай, біздің аурухананың тарихына көз сүзсеңіз ширек ғасырды көресіз. Қабырағасы қаланып, есігін айқара ашқан, 1956 жылдың казан айынан бері халыққа қызмет етіп келеміз. Заман ағымына қарай, уақыттың, дәуірдің құбылуына байланысты 2019 жылға дейін облыстық онкологиялық диспансер деп аталса, қазір Облыстық көпсалалы клиника деп атауын өзгертті. Өйткені, көрсететін қызмет түрлеріне қарай атауын өзгерту туралы шешім қабылданды.

– Кеңестік кезеңде «іс тетігін кадр шешеді» деген тәмсіл болған. Расында істің мән-жайын тиісті маман ғана анықтай алады. Қазақстанда кез-келген саланы алсаңыз кадр тапшылығын көруге болады. Облыстық көп салалы клиникада бұл мәселе қалай шешілуде?

– Қойып отырған сауалыңыз орынды. Қазіргі таңда қай салада болмасын кадр тапшылығы бар. Бұл медицина саласына жастар келмейді деген сөз емес. Жауапкершілігі өте жоғары, әрі адамдарды емдеу, ота жасау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Мәселен, ағаштан, темірден, бұйымдардан түйін түйетін неше түрлі қолөнер шеберлерін білесіз. Мұнда да, адамды емдеуге қолының икемі бар, әрі сауатты, жүректі оқыған-тоқығанын іске асыра алатын дәрігерлер қажет. Ал, ондай дәрігерлер жоқ емес бар, бірақ тапшы. Дәрігер науқастың көңілін аулап қана қоймайды, оған нақты диагноз қойып, түрлі құрылғылармен жұмыс істей білу қажет. Қазақ «торғай сойса да қасапшы сойсын» демей ме, қолдарынан скальпелі түспейтін, түрлі қатерлі дертпен күресіп жатқан көп салалы біздің клиникада маман тапшы. Әсіресе, ауылдық жерлерге мамандар тарту мәселесі жиі қозғалады. Біздің клиникаға онколог, маммолог, узи дәрігерлері қажет. Біз клиникаға келген жас мамандарға тиісті жалақысымен қатар, пәтер ақысын төлеп отырмыз. Өйткені, дәрігерге әлеуметтік көмек көрсету – ең маңызды қадамдардың бірі. Сонда жас маман нәтижелі жұмыс атқарады.

– Облыста биылғы жылы қатерлі ісікпен ауырғандар саны қаншалықты өсті? Әлем бойынша да, елімізде де осы аурумен ауыратын балалар мен жасөспірімдер саны артыпты. Бізде қалай?

– Бүгінгі қоғамдағы ахуал көңіл алаңдатады. Қыл аяғы жұтқан ауаң, ішкен суың, тұтынған тамағыңа дейін зер салу керек, оның бәрі денсаулыққа әсер етеді. Кеселдің өршуі, бірінші науқастардың өзіне байланысты. Әсіресе біздің қазақтар, «болары болып, бояуы сіңгенде» ғана дәрігерге келеді. Бұл дегеніңіз онкологиялық ауруға шалдыққан адамдар санының өсуіне алып келуде. Оның әртүрлі себептері бар. Кез-келген аурудың алдын алу қажет. Жай тұмаудың өзін жеңіл-желпі ару деп қарауға болмайды. Ал, онкологиялық аурулар асқынып кетсе, оны емдеудің өзі де қиын. Яғни, өмір мен өлім арасындағы арпалыс басталады. Сондықтан алдын алу үшін арнайы скринингтен уақытында өтіп тұру маңызды. Көбіне 3-4 сатысында дәрігердің көмегіне жүгінеді. Бұл әрине, емдеу кезінде қиындықтар туғызды. Әрі туған-туыстарына да оңай емес. 2019 жылы тіркелгендер саны 2018 жылмен салыстырғанда 1,9 пайызға артқан. Ал балалар мен жасөспірімдерді Алматы қаласындағы арнайы ауруханаларда емдейді.

Данияр УРАЛБАЕВ,
Талдықорған қаласындағы облыстық көпсалалы клиниканың директоры

– Елімізде ғана емес, бүкіл әлемде, өкінішке қарай, онкологиялық аурулардың түрі де, оларға шалдыққан науқастардың саны да көбеюде. Айтыңызшы осыдан қалай қорғануға болады?

– Жалпы обыр – ДНҚ-дағы мутация, бір жасушада пайда болған мутацияны ішкі механизм арқылы емдемесе, оның үстіне иммунды жүйе оны байқамаса ғана обыр пайда болады. Жасуша қатерлі ісікке айналуы үшін көптеген кедергіден өтуі керек. Мысалы, шылым түтінінің құрамында ДНҚ-ға шабуыл жасайтын химиялық заттар бар. Ал химиялық заттар адамның иммунитетіне шабуыл жасайды. Яғни, қатерлі ісік пайда болуына жол ашады. Жалпы онкологиялық аурулардың алдын алудың екі жолы бар. Алғашқысы ауырмай тұрып, салауатты өмір салтын ұстану болса, екіншісі арнайы тексеруден - скринингтерден өтіп тұру. Бұл скринингтер поликлиникаларда тегін жүргізіледі. Сондықтан клиникада жылына бірнеше рет ашық есік күнін өткізіп, тегін тексеруден өткізіп тұрамыз. Бізде ең көп тарағаны жатыр мойыны обыры, сүт безі және колоректал обыр. Негізі жатыр мойыны мен колоректалды обыр алдымен полип немесе эрозия түрінде пайда болады. Қатерлі емес ісік деңгейімен 5-10 жылда қатерлі ісікке айналады. Осы уақытта оны анықтауға болады. Осы кезде полипті алып тастаса, қатерлі ісік пайда болмайды. Сүт безі обыры мамография, жатыр мойыны обырына папаниколау бояуы және колоректал обыр кезінде калда жасырылған қанға сараптама жасалады. Егер қан табылса, колоноскопия жасалады. Бұл бүгінгі таңда ең көп таралған қатерлі ісік түрлерін ең нәтижелі анықтау жолдары. Сонымен қатар, айтарлықтай көп таралған өкпе обырын анықтаудың дәлелденген жалғыз әдісі төмен дозалы компьютерлік томография.

– Қазіргі заманғы медицина мен ғылым онкологиялық аурулардың басым бөлігін емдеуге мүмкіндік береді. Біздің облыста осы аурумен ауырғандардың қанша пайызы жазылып шықты?

– Жалпы онкология салсында қатерлі дертке шалдыққан науқастар жылдар бойы емделеді. Сондықтан оларды тіркеуден шығармайды. Онкологиялық аурудың түрлері көп. Науқас толық емделіп шыққанмен де, кей жағдайда 10-15 жылдан кейін қайталануы мүмкін. Сондықтан науқастарды дәрігерлер үнемі бақылауда ұстап отырады.

– Облыс орталығындағы жалғыз, қатерлі ісікпен күресетін орталық аурухана болған соң, өңірдің дертіне шипа іздеген науқастардың бәрі сіздерге келеді. Олардың дәрі-дәрмегі, жатар орындарына қанша қаражат жұсалады?

– Науқастың диагнозы анықталғаннан кейін оны емдеу, қажетті дәрі-дәрмек тағайындау қысқа уақытта шешілмейді. Әсіресе, химиятерапия тағайыналған кезде бірнеше тексеруден өтеді. Оны, бір топ дәрігерлер кеңесіп шешеді.

– Әлем елдерінің барлығы, бірінші денсаулыққа мән береді. Ғалымдар да жаңа технология ойлап-тауып, медицина саласын жаңғыртуда. Онкология орталығы заманауи техникамен қаншалықты жабдықталды?

– Қазақстанда алғаш рет Алматы облысында мемлекеттік жеке серіктестік шеңберінде Талдықорған қалалық көпсалалы аурухана базасында «wdsoft» ЖШС жеке компаниясымен 16 медициналық мекемені бірыңғай радиологиялық ақпараттық жүйемен біріктірген жоба іске асырылды: 11 БМСК ұйымы (9 аудандық аурухана, Талдықорған қаласының 2 қалалық емханасы) және облыстық деңгейдегі бес аурухана бар.Жоба аудан орталықтары мен шалғай ауылдардың тұрғындарына тексеру жүргізуге мүмкіндік береді. Алматы облысында тұрғындардың 80% - ға жуығы ауыл тұрғындары екені белгілі.

Сондай-ақ, бұл жоба Мемлекет Басшысы қойған бірден төрт негізгі міндетті шешеді:ерте диагностика; дәрігер-радиолог кадрлар тапшылығы мәселесін шешу;денсаулық сақтауды цифрландыру;жасанды интеллект қолданумен алдыңғы қатарлы ғылыми жетістіктерді қолдану. Алматы облысында тұрғындардың 80%-ға жуығы ауыл тұрғындары. Яғни, жасанды интеллект арқылы шалғай ауылдарда онкологиялық ауруға шалдыққандарды ерте анықтай аламыз.

– Коронавирус дерті қазіргі кезде өршіп барады. Дәл осы вирустың онкологиялық ісікке шалдыққандарға өз кесірін тигізіп жатқан жоқ па?

– Коронавирустың таралу аумағы ұлғайған сайын оның адамнан адамға жұғу қауіпі де артып келеді. Әсіресе, санитарлық талаптардың сақталмауы мен карантин ережесінің бұзылуы салдарынан инфекция белгісі анықталған тұрғындар саны азаймай тұр. Жалпы, кез келген дерттің адам денсаулығына тигізетін зардабы ауыр. Қатерлі ісік дертімен ауыратын науқастар үшін де бұл бір қиын кезең болуда.Онсыз да жаны қиналып жүрген адамдарға коронавирус инфекциясы екі есе қауіп төндіруде. Өйткені, жұқпалы аурудың барлық түрі ең алдымен иммунитеті төмен адамға үйірсек келеді, ал денсаулығында кінараты бар науқастың ағзасы коронавируспен күресуге тіптен қабілетсіз. Сондықтан біз үшін де, пациенттер үшін де онкологиялық ем алып, дәрі қабылдау барысында сақтық шарасын арттыру ең басты міндет болып саналады.

– Дәрігер ретінде қатерлі ісіктің алдын алу үшін, сақтану үшін не істеу керек, қандай кеңестер бересіз?

– Қатерлі ісік – адам өміріне қауіпті болғанымен, бұл ажал үкімі емес. Науқастар осыны есте сақтауы керек. Дерттің алғашқы кезеңінде дәрігерге қаралып, асқындырмай ем алған адамның құлан таза айғып кетуіне толық мүмкіндік бар. Сол үшін де адамдар жиі тексеруден өтіп тұруы тиіс. Ал онколог дәрігерлер қатерлі ісіктен емдеу үшін аянып қалмайды. Қазір бұған барлық жағдай жасалған. Әрине, проблема да шығып жатады. Көп жағдайда ота жасалатын науқастар қиналады. Қазіргі жүйе бойынша хирургиялық ем-дом шарасы медициналық есепке алу порталы арқылы жасалатыны белгілі. Науқастар кезек күтіп қалатын жағдай болады. Бірақ, біз бұған қарамастан дерттің салмағын жеңілдетуге күш саламыз. Дәрі-дәрмекпен қамтуда кідіріс жоқ, мамандар жеткілікті, медициналық құрылғылар бар.

– Данияр мырза, өзіңіздің дәл осы салаға келудегі мақсатыңыз қандай? Неліктен дәл қатерлі ісікпен ауыратындарға қол ұшын созуды жөн санадыңыз?

– Мен онкология саласында 10 жылдан астам уақыт жұмыс жасап келемін. Дәрігер мамандағы жауапкершілігі жоғары мамандық иесі болғандықтан кез келген адам таңдау жасарда ойлануы керек. Біз әр адамның амандығы үшін аянбай күресеміз. Басқа өңірдегі дәрігерлермен жиі тәжірибе алмасып тұрамыз. Бұндай қадамдар күн санап дамып жатқан медицина саласында аса қажет. Сондықтан бұл салаға мамандар кездейсоқ келмейді. Өзіне сенімді, мақсаты анық адамдар ғана мықты дәрігер болады. Мен де сондай жандардың бірімін дей ойлаймын.

– Сұхбатыңызға үлкен рахмет. Сізді, ұжымыңызды тәл мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

Сұхбаттасқан: Г. ЕРДАУЛЕТОВА

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ХИКАЯТ

ҚАЖЫДЫ ЖОЛ

Соңы. Басы өткен сандарда

Мұхаммед пайғамбарды пір тұтқан барша қауым бастарына қиын-қыстау іс түскенде сол әулиенің моласына барып зиярат қылады екен. Біреулер әулиеден бала сұрайды, екінші біреуі қатерлі дерттен айығуыма жәрдемдес деп жалбарынады. Басқасынікі басқа дегендей, ел ішінде қайғы-қасірет аз ба, соның сауабын іздеп келгендердің басаяғы көрінбейді деседі. Әулие моласының басында сәлдесі дағарадай бір шырақшы отырады екен. Көпті көрген көне, қазақша нақыл сөзге желмаядай ескен, әрі асқан ғұлама ретінде де аты шыққан жан. Зиярат етушілердің қай-қайсымен де ауызба-ауыз сөйлесіп, арыз-мұңына ықыласпен құлақ қойып, «саған әулие қайтсе де қол ұшын береді» деген уәдемен қарық қылады, шамасы. Олардың көңілін өсіріп, олар әкелген аяқты мал, күміс теңгелік, асыл бұйым сияқтылардан әрдайым мол олжа алып отырады. Сөйтіп, әлгі шырақшы сол қиырдағы аса дәулетті жандардың біріне айналыпты. Күндердің күнінде осы шырақшыға үсті-басы күскүс, өрім иық, жалаңаяқ бір жас бала келеді. Алыстан жол жүріп жеткені де көзге ұрса керек. Қарт шырақшы әдеттегіше жөн сұрайды. Сонда әлгі бала: «Ата, мен әке-шешесі жоқ тұлдыр жетіммін, жақын ағайын-туғаннан да пана таппадым. Мына әулие моласын күзеткен сіздің атақ-даңқыңызды естіп, сізге көмекші болуға әдейі іздеп келдім, сіз тәрізді құдай жолын тұтқан жандар мендей ғаріпті сыртқа теппес деген үмітті арқалаған жайым бар» дейді. Тілі ширақ жас бала шырақшыға салған жерден ұнаса керек, «е, жарайды, балам, кел, маған қолғанат бол, ондайды өзім де керексініп жүр едім» дейді. Қысқасы, екеуінің тез тұзы жараса кетеді. Жетім бала ұшып-қонып тұрған нағыз қағілез қолғанатқа айналады. Жылдар өтеді. Жетім бала біраз есейеді. Күндердің күнінде әулие моласына тауап етушілердің ағыны сәл толастаған шақта, оңашада әлгі бала: «Ата, рұқсат етіңіз, мен ел ішіне барайын, сізден мол тағлым алдым, ол үшін көп нәрсе дәметпеймін, маған мына есегіңізді берсеңіз болғаны» дейді. Шырақшының бір кәрі есегі болушы еді, қимайтын дәнемесі жоқ, «е, тілегің мақұл, балам, рұқсат, құдай алдыңнан жарылқасын» деп оң батасын беріп шығарып салады. Бала әлгі кәрі есекке мініп, сахара, сайын даланың екінші шетіндегі елге жетуге барын салады. Бірақ жол ұзақ еді, бір түнемелікке тоқтаған жерде бала, бұл кезде әжептәуір жігіт боп қалған бала, таңертең оянса әлгі кәрі есек өліп жатыр екен дейді. «Қап, әттегенай, енді қайттім» деп бала жігіт әжептәуір назаланады. Жаяу жүргіншіге ел шетіне дейін әлі біраз бар. Ары ойланып, бері ойланып, ешқандай ақыл таппайды. Кенет көкжиектен тура осылай қарай қозғалған бір шоғыр атты көрінеді. Бала жігіт дүр сілкінеді. «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген мақалды да есіне алады. Сонау өзі тастап шыққан әулие моласының басындағы қарт шырақшының тірлігі мұның көз алдында қайта өсіп шыға келеді. Біраз жыл оған көмекші болып, ондай тірлікке дағдыланған ғой. Бұл дереу өлі есектің қанжығасына байлаулы шаппа шот, істік темір сияқтыларды суырып, топырағы борпылдақ құмды жерді жандәрмен қаза бастайды. Тізеден келетін шұқыр әп-сәтте дайын болады. Соған әлгі кәрі есектің сүйегін сүйретіп апарып салып, бетін дайын топырақпен қайта жабады. Өлген адамның моласына ұқсатып төмпешік жасайды. Әлгі көкжиектен көрінген атты адамдар шоғыры жеткенде бала жігіт басына сәлде орап, ақ таяғын қолына ұстап, адамның сай-сүйегін сырқыратар сазды әуенмен, «О, алла жолындағы ғазиз жандар, Мұхаммед пайғамбарды пір тұтқан мұсылмандар, алыс сапарға ниет қылған баршаңның тұз-дәмін жаратушы иемнің өзі көтерсін! Құдай бұйырса құрықтағың құтылады, келме ске кеткен ырзығың өзіңе толайымен оралады, қасында қосақ, соңында жетек дегендей артығымен қайтады» деп сарнап береді. Жолаушылар аттарынан түсіп жөн сұрайды, әрі «мынау кімнің моласы» деседі. Сонда бала жігіт «бұл ертеде өткен пәленбай әулиенің моласы, табанымнан тозып, іздеп жүріп әрең таптым, бұл әулиенің басына зиярат етіп, садақа берген пенденің қайтсе де тілегі қабыл» деген бағдарда төгіліп береді. Бұл жөніндегі шеберлігі өзі тағлым алған сонау шырақшының шеберлігінен кем шықпаса керек. Сөйтсе, мына жолаушылар өз ауылдастарынан бірнеше қысырақтың үйірін қуып әкеткен барымташылардың ізін кесіп, солардан малын қайтармаққа беттегендер екен.

Бұл қайтсе де қауіп-қатерлі жол, барымташылар әкеткен малды «мә, ала ғой» деп бере салмайды. «Құдай жолымызды оңғарар ма екен» деп, сол жолаушылар «әулиенің» басына тауап етіп, әрі садақаны да өз халдерінше үйіп салады. Құдай орайын келтіріп, бұлардың сапары оң болып, барымташылар өздері олжалаған малды қасына қосақ, соңына жетек дегендей артығымен қайтарады. Міне, бұл жай әлгі жолаушыларды «шынында бізді әулие қолдады» деген сенімге нық байлайды. «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деген. Бұлардың осы сенім, пайымынан көзді ашып-жұмғанша сол қиырдағы қалың ел құлақтанады. Енді сол бала жігіт шырақшылық еткен «әулиенің» моласына жұрт тайлы-тұяғымен ағылады. Бара-бара осы «киелі» орынның дақпырты мына бала жігіт тастап шыққан бұрынғы әулие моласынан да асып түседі. Сондағы көне шырақшы осыны естіп, өз шәкіртін іздеп келеді. Байқаса бәрі рап-рас. «Әулие» моласы, зиярат етушілердің легі үзілмейді. Сосын бұл да бір оңаша сәтте «жарығым, ағыңнан жарылшы, мынау қай әулиенің моласы, аты-жөнін аташы» деп қадала сұрайды. Бала жігіт бар шындықты аша сөйлейді. Сонда әлгі көне шырақшының басы салбырап, саусағымен жер сызғылап, ауыр ойға шомады. Бұған сәл таңырқаған бала жігіт те «Ата, сіз де ағыңыздан жарылыңызшы, сіз шырақшылық еткен сонау ескі мола қай әулиенікі еді» деп, бұл да қадала кетеді. Сонда көне шырақшы «енді шегінерге жер жоқ» дегендей «ол молада жатқан мына сен мұнда көмген кәрі есектің енесі еді» депті.

Қаңлы Кенжебектің, міне, осы хикаяты бәрін қасқа маңдайдан таспен ұрғандай әсер етеді. Тіпті Кенжебекке шекесінен қарап, оны келемеж етушілер өздерінен он есе мықты палуанның тізесінің астына түскендей қол-аяқтары жансызданып, тілдерін кәлимаға келтіре алмай үнсіз томырылды. Кім кімді пір тұтады, кім кімге табынады, кім-кімге арқа сүйемекші деген сияқты сауалдар бәрін қара албастыдай басып, алды-арттарына қаратпай тозақтың отына әкетіп бара жатқанға ұқсатты. Жаңа ғана өздері құлағын шулатқан ақ, қызылы аралас танымал тұлғалар енді мүлдем жат қырынан танылып, әрқайсысы бір-бір әзірейілше сойдиып қапты. Тіпті кейбірі о дүниедегі мүңкір-нәңкір сұрақшыға да айналып кеткендей.

Қаңлы Кенжебек қайдан теріп жүретіні белгісіз осындай хикаяттармен мұңсыздың басына мұң салардай жатыпатар ғана емес, біршама қырағы да жан. Айнала тыңдаушылардың қас-қабақтарына ілулі ренішқайғы, қуаныш, не абдырасқан көңіл-күй тәрізділерді тап басып байқайтын. Қазір де өзі көйкиткен аңыздың мына шекара асып, ұшпақты жат жұрттан іздеген, ақыры ол да аса көңіл көншітпегесін сәл-пәл ессіздікке ұшыраған пақырлардың ащы етіне тұщы таяқ болып тигенін айқын-ақ сезді.

Тап осы қарқында Кенжебекте өз тұрғыластарын мүсіркейтін пиғыл жоқ еді, ақыр не өлім, не өмір дейтін сын тезіне түстіңдер, оның ажарын біржола таныңдар дегендей тағы бір өнерді бастады. Сірә, бұл әйгілі сұңғыланың қиянатшыл, қысастық пиғылынан емес, осында қоныс аударғандар арқа сүйер дара тұлға, жалғыз қармар тал, ел басшысы, батырбағлан Құндақбай Төлендіұлы сындының айт-шүуіндегі ығай-сығайлардың төрт көзі түгелде келесі пәрменге қажетті айлашарығыны дәл болжаңдар, ендігі адасушылықты құдай да, адам да кешірмейді деген бағдардағы ой ағымынан туған өзінше бір талпынысы еді.

Сондағысы не дейсіздер ғой. Кенжебек осы Қоғалы өңірінде ертеректе ғұмыр кешкен бір құлатөбелдеу ақынның тілінің ұшынан қалған жалғыз шумақ өлеңді ыңылдап әуендете жеткізді:

Жер жәннаты Жетісу сыным екен,
Қарағайы, шыршасы шырын екен.
Қалмақ, Қытай апандай аузын ашып,
Азу тісі сынғаны бұрын екен.

Бұл шумақта да біле білгендер үшін іштегі бітеу жараны білтелегендей жайсыз астар бар. Құндақбай шаңырағының астында бөшкедегі тұздалған балықтай сұлаған қауымның дәл осы халінде ол жағы да жүрек сыздата әрі тұлабойды шымырлата жота көрсетті.

* * *

Құндақбай Төлендіұлы өзі туып-өскен Қоғалы өңіріне 1929 жылы алғаш рет мамыр айында қайта соқты. Сақтық үшін қасындағы нөкерлерін толайымен жаңартқан. Тек ескі атаулыдан қаңлы-жәнтекеден шыққан, қазақ-қытай шекарасының екі қапталындағы кеңістікті алақандағы жазудай білетін Құдайберген мен жалайыр-ақбұйым Аюшал ғана бар. Енді біреуі әлгі «алдымен өзім балаға жариын, сосын түптің түбінде мына қатыным Қазизадан туған бір шарананы сенің бауырыңа саламын» деген Қожахмет Майкөтов деген жігіт. Бұл Қожахмет Құндақбайдан төрт-бес жас кішілеу, қаңлы-жантеке, жоғарыда аталған Құдайберген шалмен рулас, ағайындас, ұзын бойлы аққұба жігіт. «Ендігіде, болатын қызылдармен болатын қызыл-ала төбелесте сен менің қасымда бол» деген Құндақбай ұсынысын бұл Қожахмет қуана-қуана құп алған. Бұл жайға Құндақбайдың зайыбы Ақтолқын мен інісі Мырзақбайдың үйіндегі келіні Нұрсұлу да куә болған. Көңілдерінде кірбің бар, әрі әлдене үшін өздерін де айыпты санағандай жүздері басыңқы, абысын-ажынды қос келіншектің шырайында «саған бала сыйламақ сабазды сонау Түлкілі мен Шағанның бір қалтарысында жер қаптырып кетіп жүрме» деген жазу тұр еді. Манасбай, Жәкіжан және Әбдіқадыр деген жігіттер де осы сапта. Тағы үш-төртеудің аты-жөндері белгісіз.

Мамыр айы бұл Қоғалы өңірінің жаңа түскен келіншектей құлпыратын шағы. Қай жағыңа қарасаң да көкжасыл жайлау. Түстігін Түлкілі, Аламан, теріскейің Шаған мен Қотырқайың (қазақтар қысқартып Қотырқай деп атай береді). Бір-біріне қарама-қарсы екі таулар тізбегінің ортасындағы алшиған мол кеңістік Күреңбел аталады. Бұл Күреңбел сонау батыстағы Матай тауына дейін созылып жатыр. Аттың сауырын соғатын жасыл шалғын, көркімен көз тойдырып қана қоймай мұрын жаратын хош иісімен де адамды мас қылады. Бұл, әсіресе, алты ай қысты, әрі осы көктемнің басқы бөлігін шекараның арғы бетінде, Қытайда өткерген Құндақбай тобы үшін алабөтен сезіледі. Бұл аядай мекен – туған жерді бұлардың тастап шыққанына аса көп те болған жоқ қой. Соның өзінде де оншақты аттының қоршауында, ер үстінде теңселген, ұйқысырағандай жадау қалпы бар Құндақбайға ұзақ жылдар бойы қашқақтап жүріп қайта оралғандай мынау таныс өлкенің бітім-болмысы сол тамаша көркімен-ақ мұның көкірегіне қаяу түсірердей қарайды. «Ұясынан безген құс», «қара бауыр қасқалдақ» тәрізді ел ішінде жиі-жиі желдей есілетін тіркесті сөздер осы Құндақбайға арналғандай-ақ төбесінен айналып ұшса қайтерсің. «Ия, мұның аты туған жер, туған өлке күйігі» дегенге саяды, ерте заманғы бабаларымыз бәрінен де жаманы туған жер күйігі дегенді өлең сөзге, қобыз сарынына текке айналдырмаған ғой. Құндақбай бәрін түсінеді, түсіне тұра оның күйігінен жан азабын тартады.

Құндақбай тобы теріскей беттегі Үлкен Қоянды сайы арқылы өтіп, Итшоқы биігінің тұсында сәл бөгеліп, Аламан жайлауында да біраз ат тынықтырып, Онжас, Қаракемер ауылдарының үстіне құлаған. Қалайда бұлар із суытып үлгерген ғой, ГПУ шолғыншыларының қармағына ілінерміз деп, аса қауіптенбей, осындағы ел тірлігін де аздап көзбен сүзе қозғалған. Байқаса, ел жағдайының ажары мүлдем басқа, мал түгіл үрген иттің де даусы естілмейді. Қай үйдің де ауласында сынық арба, шашылған тері-терсек, иығы жалаңаш бірен-саран қара-құра. Қазақтар бұрыннан қонақжай халық қой, алыстан аттылар тобын көрсе еленбесіп, көздерін күннен көлегейлеп, телміре қарайтын дағдысы бар емес пе? Ал мына жолғысында одан жұрнақ та жоқ. Қандай аттылар шоғыры жақындаса да жансыз бейнелер тәрізденіп,

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

жота көрсетіп теріс қарап қатып қалады. «Е, қонақ болсаң қайтейін, ас түгіл қайнаған қара су беруге де дәрменіміз жоқ, сілекейіңді шұбыртпай, жұтынып ашқарақтанбай өтіп кете бер» деген белгі беруге машықтанып-ақ қалған. Тіпті ол аттылар шоғыры ГПУ сілімтіктері болып шықса да мыңқ етпестей. «Е, ашкөз жаралған атжалмандар, аларыңды алдыңдар, енді не әкелеріннің құны бар бізде, керек десеңдер менің өзімді ту сыртымнан құшақтаңдар да әкете беріңдер» деген тәрізді оларға да қолма-қол қайтарар жауабы дайын. Кім-кімге де сөйтіп қыр көрсетуге бар.

«Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданды. Еліміздегі медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайтын заң қолданысқа енгізілген. Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді. Мұндай жолмен мәселенің шешілуі мүмкін болмаған жағдайда олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады.

Бүгінде бүкіләлемдік тәжірибеде медиация ірі бизнестерден бастап, ажырасу мен дүниені бөлісу деген сияқты мәселелерге дейін кеңінен қолданылады. Халықаралық статистикаға жүгінсек, бүкіл келіспеушіліктердің 30-40 пайызы медиация арқылы өткізіліп, ойдағыдай нәтижеге оның 85 пайызы ие болады екен. Алайда, медиация тек жеке құқықтық қатынастарға ғана қолданылады. Ол тараптардың бірі мемлекеттік орган болатын құқықтық жанжалдарға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қолданылмайды.

Медиатордың судьядан айырмашылығы – медиатор жанжалға қатысушылармен болатын келіссөздерге белсенді қатыса алады, ал судья мұны жасай алмайды, ол араласпаушылық принцпін ұстануға міндетті. Оның үстіне медиация арқылы қарау қысқа мерзімде аяқталады. Сондықтан медиация барлық жағынан сот саласында қолдануға тиімді болып отыр. Тарихта белгілі болғандай ел ішіндегі кез келген даулы мәселелер мәмілегерлік, өзара түсінушілік, бітімгершілік жолымен шешіліп отырғандықтан, ағайындар арасында алауыздық тумай, ұзақ жыл береке-бірлікте өмір сүрген. Кешірімділік, кішіпейілділік ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан. Сондықтан, тараптар татуласудың тиімді тәсілі болып табылатын медиация арқылы бітімгершілікке келіп жатса, біздің елімізде де сот жүктемесінің азаюына жол ашылары даусыз.

Шалқар ТАЛДАНБАЕВ,
Алакөл аудандық сотының төрағасы.

ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МАЙБҰРШАҚ ДАҚЫЛЫ

Майбұршақ – әлемдік ауыл шаруашылығының негізгі мәдениеттерінің бірі. Бүкіл әлемде майбұршақ аса көрнекті ауыл шаруашылығы мәдениеті ретінде және аграрлық азық-түлік жаңаруының негізі ретінде танылды. Майбұршақты «егіс патшасы» деп атайды, себебі оны 94-тен астам елде өсіреді.

Майбұршақ 30-50% толыққанды ақуыз, 17-27% май, 20% көмірсулар және 5-6% түрлі минералды элементтерден тұратын тұқымдардың химиялық құрамының арқасында халық шаруашылығында кеңінен қолданылады. Майбұршақ өндірісі жоғары мультипликативті әсері бар сала. Алайда, майбұршақты өсіру кезінде одан жоғары сапалы өнім алу үшін, оны өсіруде, климаттан, әсерлі агротехникалық жұмыстардан бөлек, оны зақымдайтын - залалдайтын аурулар, арамшөптер, зиянкестеріне қарсы күресу шараларын қолдану қажет. Ал күресу шараларын қолайлы қолдану үшін оған зақым келтіретін зиянкестерін ажырату маңызды.

Майбұршақ дақылының өте қауіпті жауы – өрмекші кенелер. Өрмекші кене негізі көпқоректі зиянкес. Кене денесінің ұзындығы - 0,3-0,6 мм, бунақсыз, 4 жұп аяғы бар, жасыл-сары түсті. Республиканың оңтүстік аймақтарында 20 ұрпаққа дейін, ал оңтүстік-шығысында 10 ұрпаққа дейін береді. Егістерде қарқынды қоныстану кезеңдері мамыр мен тамыз айларына сәйкес келеді. Кенелер жапырақтың төменгі жағына өрмегімен торлап орналасады. Ересек кенелер мен дернәсілдер жапырақ сөлін сорып зақымдайды, соның салдарынан өсімдік қурап қалады. Мақтаның өнімі 70%, қызылшанікі 40-50 %, ал майбұршақ дақылын 30-45 % дейін кемиді.

Агросаланы дамыту жолында біздің саламыздың ең басты мақсаты, аурулар, зиянкестер мен арамшөптердің шығатын жерін оның көлемін ескеру, экономикалық зияндылық шегінен асып кетпеуін қадағалау және оларға қарсы қолдану шараларын жоспарлау.

С. ҚАЛИАҚБАРОВ,
ҚР АШМ АӨК МИК «РФД және БӘО» РММ Ескелді аудандық филиалының энтомолог маманы.

МАМАН МІНБЕРІ

БАРШАНЫҢ БАСТЫ БОРЫШЫ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық ҚР азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуі керек.

Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу – баршаның басты борышы болуға тиіс.

Эльмира АЛДАБЕРГЕНОВА,
Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

«ТУҒАН ӨЛКЕ МЕН ЖЕР ТАРИХЫ – ӘРКІМДІ БЕЙЖАЙ ҚАЛДЫРМАЙТЫН ТАҚЫРЫП. АЛ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ ӨЗ ӨЛКЕСІНІҢ ТАРИХЫН БІЛІП ЖҮРУІ ТИІС. ӨЙТКЕНІ, ӨТКЕНІҢДІ БІЛМЕЙ, БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ БАСУ ҚИЫН». БҰЛ – ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯСЫНА АРНАЙЫ КЕЛІП, ЕРКІН АУЫЛЫ ТУРАСЫНДА ОЙ ҚАУЗАҒАН ТОРТАЙ АҚСАҚАЛДЫҢ АЙТҚАНЫ.

КІТАПТА КЕТКЕН ҚАТЕЛІК

жүрекке қаяу түсіріп тұр



Әркідік ел мен жер тарихына көңіл бөліп жүретін, тұнып тұрған шежірешіл ағаның сөзінше, Еркін ауылының тарихы тереңнен бастау алады. Газетіміздің 2017 жылғы санында жарияланған мақаласында ол былай деп жазыпты: «*1880-1885 жылдары қазіргі Еркін ауылының қоныстанған жері – Қараталдың оң жақ жағалауы болған. Яғни Ойсаз –жоғарғы жағы. Домалақ саз – төменгі жағы. Ауылға ең алғашқы қоныстанған ағайынды – Садық-Сыдық (өзбек Наманғаннан), (қазіргі Еркін ауыл). Бұлардың елге келу тарихы өзбек жерінен біздің мекенге саудамен айналысып жүріп, бастарына іс түсіп, бүкіл мал-мүлкінен айрылып, тоналып, елдеріне қайтуға қорқақтайды. Біздің аталарымыздан жер сұрап, осында тұрақтапты*». Дәл осы мақалада «Еркін» деген атау еркіндік алу, еркін болу деген мақсатпен қойылған, ал бұл атауды мемлекет қайраткері Ораз Жандосов қойғандығын да жазады.

Бұл жайында қалам тербеп жазудағы негізгі ой осы арнада өрбімек. Нақты айтсақ, екі жыл бұрын жарық көрген «Тарихымен тағдырлас Талдықорған» атты кітаптағы «Қала іргесіндегі ауыл» атты жазбасы хақында болмақ. Аталмыш кітап сол кездегі қала әкімі Б. Қарасаевтың қолдауымен жарық көріпті. Ал кітаптың 130-шы бетіндегі жазбада қателік орын алынғанын айтқан Еркін ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Тортай Ізбасқанов ойын былайша тарқатты.

«*Еркін ауылы Есберлі бабаның жері. Бұл турасында осы газетте Ырым Кененбайдың «Ел қорғаны Есберлі» атты мақаласы да жарық көрді. Осы мақаланы оқысаң, Еркін ауылының тарихы туралы біраз дүниенің түйіні тарқатылады. Ал енді манағы кітапқа енген жазбада қате деректер келтірілген. Сөзім дәлелді болу үшін осы кітаптағы дүниеге ден қойсақ. Мұны жазған облыстық «Жетісу» газетінің журналисі Қажет Андас былай дейді: «**Бұл өңір бір кездері әйгілі Тәнеке бидің басқаруында болғаны белгілі. Ол туралы облыстық «Алатау» газетінің №33 (724)14.08. 2015 жылғы санындағы Жемісбек Толымбекұлының «Екі тарап бітімге келді» атты мақаласында: «Мәскеу архивінен Болатбек Нәсенов: «Аякөз округы, 15 наурыз, 1851 жыл, №872 бұйрық. Тәнеке батыр, 44 жаста. 1846 жылдан болыс (волостной управитель), Жазғы жайлауы Балақты (урочище). Қыстауы «Ақешкі», – деп көрсетеді. Еркін ауылының жері Ақпатша заманында елі Қаптағай Дөсетұлы Тәнеке батырға қарасты болса, бері келе ұйғыр нәсілдері Садық, бірде Салық, енді бірде Сыдық қоныстанып, одан Кемаращыға Жалайырдың Қошқар тармағы мекен еткені рас. Осы дерек Тәнеке бидің осы өңірді басқарғанын, тіпті, ұйғырлар қазақ даласына келмей тұрып-ақ біздің ата қонысымыз болғанын білдіреді*».

Осындағы Тәнеке батыр, 44 жаста. 1846 жылдан болыс (волостной управитель), Жазғы жайлауы Балақты (урочище). Қыстауы «Ақешкі» деп жазылған жазба қате дерек. Неге! Себебін айтайын: «Балақты деген өзен Жыланды деген жерден бастау алады. Қалай «Балақты» таудан асып түседі, одан бергі біздің жер болып табылады. Мұның Тәнекеге еш қатысы жоқ. Бұл жайында әжептәуір әңгіме де болды. Тұрсын Әбдуали бастаған біраз ақсақал мұны Қажеттің өзіне айтып, газет редакциясына барғанбыз. Ал ол бұл деректі Жемісбек Толымбекұлының мақаласынан алып, жаза салғанын айтты. Дей тұрғанмен, жерге қатысты кез келген дерек зерттеліп, зерделеніп жазылуы тиіс емес пе? Толымбек жазды екен деп кітапқа мұндай деректі енгізу деген дұрыс емес екендігін жетісулық тарихшылар Қажеттің өзіне айтқан-тын. Ол болса: «Жарайды, қателік менен кетті. Бұл туралы қайта «Жетісу» газетіне жазамын» деген еді. Одан бері екі жыл өтті ғой. Негізінде, осы мәселе бойынша Қажеттің алдына бірнеше мәрте бардым, бұл туралы бас редактор Әміре Әрінге де айттым. Ол Қажетті кабинетіне шақырып: «Мынаны түзет, ұят болады» деген-тін. Амал не, жабулы қазанның қақпағы ашылмады.

Жалпы, Еркін ауылының алғашқы атауы – Садық-Сыдық. Мына кітапта Тәнеке Садық-Сыдықты әкеп отырғызған деп жазады. Алайда, Тәнеке 1880 жылы өмірден озып кетсе, Садық-Сыдықтың келуі 1885 жыл. Оның туыстары бүгінге дейін осы Еркін ауылында (Наманғанның өзбегі) тұрып жатыр. Осы төңіректегі ойды қысқаша қайырғанда, Тәнекенің Садық -Сыдықты әкеп отырғызбағанын тағы да баса айтқым келеді. Тереңнен ойлап қарасаң, бір болыстың жерін екінші болыс иелене алмайды ғой, – деп ағынан жарылған Тортай ақсақал кітаптағы қатені ел біліп жүрсін, алдағы уақытта жер тарихына қатысты жарық көретін жазбаларда осындай деректерді нақтылап берген жөн дегенді меңзеді. Айтуынша, кітаптағы қателік жүрекке қаяу түсіріп тұр...

Ал қателігін мойындап, газетке арнайы мақала беремін деген облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андас ақсақалдарға айтқан сөзінде тұрып, бұл істі аяқсыз қалдырмайды деген ойдамыз.

С. ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ.

ОҚШАУ ОЙ

СІЗ НЕ ОҚЫП ЖҮРСІЗ?

Кітап – адамның жан азығы. Қай жағынан алып қарасаңыз да кітаптың бізге берер пайдасы мол. Себебі, кітап оқу арқылы біз айналамызбен толық байланыс орнатамыз.

Қазіргі XXI ғасырда кітап оқуға баулудың көптеген түрі бар. Мәселен, кітаптың сюжетін бейне жазбадан көріп, аудио нұсқасын тыңдай аламыз. Қазіргі таңда батыс елдерде «саммари» үлгісі жақсы дамыған. Жалпы «саммари» деген кітаптың қысқаша мазмұнын, былайша айтқанда кітаптың қаймағын сізге іліп беретін видео немесе аудио түсініктеме. Сонымен қатар, арнайы бағдарламалар арқылы кітапты ұялы телефоныңызға немесе түрлі гаджеттеріңізге жүктеп оқи аласыз. Қазіргі таңда көп жас кітаптың электронды түрін қолданады. Соған байланысты авторлар қазір кітапты қазғаз түрінде және электронды түрде де шығаруға тырысады.

Офтолмология маманы Баян Акимханова: «*Электронды кітап оқыған адамның көз жанарына кері әсерін тигізуі мүмкін. Себебі, электронды кітап оқу барысында адамның көзі қимыл жасамайды. Содан көзі құрғақтанып, қызарады. Сол үшін электронды кітап оқу барысында көзді қыймылдату арқылы жаттығу жасап тұрған жөн. Ал, қағаз кітап оқу барысында белгілі бір арақашықтықты сақтау қажет*» – дейді.

Бұл тұрғыда ой қаузаған Толғанай Ерғазы электронды кітап оқудың тиімділігі көп екендігін айтады.

«*Маған электронды кітап оқыған ұнайды. Себебі, сатып алып оқығаннан қарағанда ғаламтордағы арнайы бағдарламалар арқылы телефонға жүктеп оқи аласың. Телефоннан оқыған ыңғайлы, қай жерде болсаң да телефон әрдайым қолда*», – дейді ол.

Кәдімгі кітапты оқыған түсінікті екенін аңғарған Бота Сартбайдың ойынша қағаз кітаптың өзінің бір адамды тартатындай күші бар.

«*Маған кітапты оқыған түсінікті. Кітапты қолмен ұстап оқығаннан кейін, ойымда көп мағлұмат қалады. Ал, электронды кітапқа келсек, оны тиімсіз деп есептемеймін. Бірақ, көп жағдайда әлеуметтік желілерге алаңдаушылықпен кіріп кетемін. Электронды кітаптардың сайттары интернет арқылы қосылғандықтан, мен үшін өте тиімсіз*» – деген ойын ортаға салды ол.

Кітаптарға байланысты әлеуметтік желіде қойған сауалымызға 170 адам қатысып, өз пікірін білдірді. Соның нәтижесі бойынша электронды оқулықты пайдаланушылардың саны 100%-дан 18 %-ды көрсетсе, «күнделікті кітап оқимыз» деушілердің саны 63%-ды құрады. Ал, қазақ тілінде кітап оқитындардың саны 64%-ға тең.

Қорыта келе, адам ның ой көкжиегінің артуы үшін кітап оқудың пайдасы мол. «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп Абай атамыз айтпақшы, күнделікті болмаса да айына бір рет кітап оқуға көңіл бөлейік, достар.

Мадина АКМАТОВА,
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дің 3 курс білімгері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

УРЕГУЛИРОВАНИЕ СПОРА

ПОНЯТИЕ О МЕДИАЦИИ

СНОВА ХОТЕЛОСЬ БЫ НАПОМНИТЬ НАСЕЛЕНИЮ ОБ ЭФФЕКТИВНОСТИ МЕДИАЦИИ. СУДЕБНАЯ МЕДИАЦИЯ – ПРИМИРИТЕЛЬНАЯ ПРОЦЕДУРА УРЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРА (КОНФЛИКТА) МЕЖДУ СТОРОНАМИ СУДЕБНОГО ПРОЦЕССА ПРИ СОДЕЙСТВИИ СУДЬИ, ОСУЩЕСТВЛЯЮЩЕГО ПРИМИРИТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ, В ЦЕЛЯХ ДОСТИЖЕНИЯ ИМИ ВЗАИМОПРИЕМЛЕМОГО РЕШЕНИЯ, РЕАЛИЗУЕМАЯ ПО ДОБРОВОЛЬНОМУ СОГЛАСИЮ СТОРОН.

Медиация – форма внесудебного разрешения споров с помощью третьей нейтральной, беспристрастной стороны – медиатора. Медиатор — это ни защитник, ни обвинитель, ни арбитр, ни консультант, не советчик и не переносчик информаций, а есть независимое, нейтральное и беспристрастное физическое лицо, выбираемое сторонами спора, который помогает сторонам самим найти решение в ходе обсуждения их конфликта.

С 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация.

Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.

Порядок и процедура проведения медиации, установленные статьями 179-180 ГПК РК, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации может быть заявлено сторонами в судах первой, апелляционной и кассационной инстанции. При проведении судебной медиации, передача дела в производство другого судьи не обязательна, по ходатайству сторон процедуру медиации может провести и судья, в производстве которого находится дело, тем самым стороны экономят свое время и время суда. Судья, осуществляющий примирительные процедуры, при проведении судебной медиации руководствуется нормами, установленными Законом «О медиации» и ГПК. Соглашение об урегулировании спора (конфликта), достигнутое сторонами медиации при проведении примирительных процедур, заключается в письменной форме и подписывается сторонами. При достижении сторонами соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке судебной медиации судья, в производстве которого находится дело, выносит определение, постановление о его утверждении и прекращении производства по делу.

При этом, государственная пошлина оплаченная сторонами возвращается им из бюджета. Таким образом, медиация минимизирует нравственные и материальные потери сторон связанные с произошедшим конфликтом (спором).

Алия ТУМАНЧИНОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

ГРАЖДАНСКИЕ ПРАВА

КОМПЕНСАЦИЯ МОРАЛЬНОГО ВРЕДА

ОДНИМ ИЗ СПОСОБОВ СУДЕБНОЙ ЗАЩИТЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВ ОТНОСИТСЯ КОМПЕНСАЦИЯ МОРАЛЬНОГО ВРЕДА. ПОД МОРАЛЬНЫМ ВРЕДОМ ПОНИМАЕТСЯ НАРУШЕНИЕ, УМАЛЕНИЕ ИЛИ ЛИШЕНИЕ ЛИЧНЫХ НЕИМУЩЕСТВЕННЫХ БЛАГ И ПРАВ, ПРИНАДЛЕЖАЩИХ ФИЗИЧЕСКОМУ ЛИЦУ ОТ РОЖДЕНИЯ ИЛИ В СИЛУ ЗАКОНА, ВЛЕКУЩЕЕ НРАВСТВЕННЫЕ ИЛИ ФИЗИЧЕСКИЕ СТРАДАНИЯ, ИСПЫТЫВАЕМЫЕ (ПРЕТЕРПЕВАЕМЫЕ, ПЕРЕЖИВАЕМЫЕ) ПОТЕРПЕВШИМ В РЕЗУЛЬТАТЕ СОВЕРШЕННОГО ПРОТИВ НЕГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ.

Моральный вред возмещается, независимо от вины причинителя, в случаях, если: 1) вред причинен жизни и здоровью гражданина источником повышенной опасности; 2) вред причинен гражданину в результате его незаконного осуждения, незаконного привлечения к уголовной ответственности, незаконного применения в качестве меры пресечения заключения под стражу, домашнего ареста или подписки о невыезде, незаконного наложения административного взыскания в виде ареста, незаконного помещения в психиатрическое лечебное учреждение или другое лечебное учреждение; 3) вред причинен распространением сведений, порочащих честь, достоинство и деловую репутацию; 4)иных случаях, предусмотренных законодательными актами.

Основанием иска о компенсации морального вреда является виновное совершение ответчиком противоправного деяния, повлекшего причинение истцу физических или нравственных страданий, что подлежит доказыванию в суде, как и характер причиненных страданий, степень вины причинителя вреда. В соответствии с требованиями Гражданского кодекса Республики Казахстан моральный вред возмещается в денежной форме и независимо от подлежащего возмещению имущественного вреда.

Гражданским законодательством определение размера компенсации морального вреда оставлено на усмотрение суда, рассматривающего дело, с учетом принципов разумности, достаточности и справедливости. Суды при определении размера компенсации морального вреда в денежном выражении принимает во внимание как субъективную оценку гражданином тяжести причиненных ему нравственных или физических страданий, так и объективные данные, свидетельствующие об этом, в частности: – жизненную важность личных неимущественных прав и благ (жизнь, здоровье, свобода, неприкосновенность жилища, личная и семейная тайна, честь и достоинство и т.д.); – степень испытываемых потерпевшим нравственных или физических страданий (лишение свободы, причинение телесных повреждений, утрата близких родственников, утрата или ограничение трудоспособности и т.д.); – форму вины (умысел, неосторожность) причинителя вреда, когда для возмещения морального вреда необходимо ее наличие.

Суды также вправе принять во внимание и другие подтвержденные материалами дела обстоятельства, в частности, семейное и имущественное положение как потерпевшего, так и гражданина, несущего ответственность за причиненный потерпевшему моральный вред.

Айгуль КАСЕНОВА,
судья СМУС Алматинской области.

РАВЕНСТВО

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ГЕНДЕРНОЙ ПОЛИТИКИ

Устойчивое развитие страны неотъемлемо связано с гендерной политикой. Эти две важнейшие социальные стратегии современного мира следует понимать в едином социокультурном контексте. Достижение равенства мужчин и женщин во всех сферах жизнедеятельности общества приобретает особую значимость и становится условием и предпосылкой устойчивого развития государства.

Гендерная политика – это государственная и общественная служба, направленная к достижениям равенств мужчин и женщин. Во всех сферах общественной жизни, гендерное понятие защищает личностные особенности не только женщин, но и мужчин. Национальная гендерная политика является важнейшей основой демократического процесса нашей страны. Понятия гендерное равенство - это равное сходство и различия общества среди мужчин и женщин. Гендерная политика в общественно-политической жизни занимает особое место в структуре гармонизации состояния. В обеспечении прав и возможностей женщин и мужчин в 1998 году Указом Главы государства в Республики Казахстан создана национальная комиссия по вопросам семьи. В 1999 году Правительство Республики Казахстан создал национальный план, в целях улучшения положения женщин в Республики Казахстан, на сегодня этот план выполнен на 80 процентов. Для создания условий женщин для активного участил в экономической жизни, право женщин на улучшение здоровья и повышение социальных гарантий матерей и ребенка Постановлением Правительства Республики Казахстан утвержден национальный план по улучшению положения женщин в Республики Казахстан. В соответствии со статьей 33 Конституции, граждане имеют равные права и возможности в управлении делами государства. В стране 2000 году ссылаясь Конвенции Генеральной Ассамблеи ООН объявлен «Международный день борьбы с насильем в отношении женщин и его ликвидации».

Основные принципы гендерной политики устанавливают гарантированные Конституцией Республики Казахстан равные права и свободы для женщин и мужчин: «Права и свободы человека принадлежат каждому от рождения, признаются абсолютными и неотчуждаемыми…». Анализируя достижения Казахстана в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин за годы независимости, гендерную политику руководства страны можно назвать эффективной и прогрессивной.

Аян КАСЕНОВ,
судебный пристав Талдыкорганского городского суда.

● ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО

ЗАКОНОДАТЕЛЬНО НУЖНО ВЫСТРОИТЬ ОБЩИЙ ВЕКТОР МЕЖДУ ТЕНДЕНЦИЯМИ ГУМАНИЗАЦИИ УГОЛОВНОГО ПРАВА И ФОРМИРОВАНИЯ В ОБЩЕСТВЕ НУЛЕВОЙ ТЕРПИМОСТИ К ЛЮБЫМ ПРАВОНАРУШЕНИЯМ “НИ У КОГО НЕ ДОЛЖНО БЫТЬ СОМНЕНИЙ В НЕОТВРАТИМОСТИ И СПРАВЕДЛИВОСТИ НАКАЗАНИЯ ЗА ЛЮБЫЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ И НАРУШЕНИЯ ЗАКОНОВ СТРАНЫ”. С ЛЕГКОЙ РУКИ ПРЕЗИДЕНТА, ТЕЗИС О «НУЛЕВОЙ ТЕРПИМОСТИ» СЕГОДНЯ ПОЛОЖЕН В ОСНОВУ РАБОТЫ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ ВСЕХ МАСТЕЙ.

ПОНЯТИЕ «НУЛЕВОЙ ТЕРПИМОСТИ»

Нулевая терпимость – это, скажем так, отрицательная реакция граждан или нежелание мириться даже с самыми мелкими правонарушениями. Это может быть и мелкое хулиганство, и выброс мусора, поскольку это нарушает общественный покой, снижает качество жизни, которое вызывает ощущение беспорядка и вседозволенности.

У нас инертное отношение к правовому нигилизму, к правовой культуре. Ставится задача о том, чтобы не оглядываться на правоохранительные органы в обеспечении общественной безопасности и правопорядка, а чтобы это стало делом правовой культуры и исходило от любого гражданина.

Посмотрите, пожалуйста, как мы относимся друг к другу, вокруг нас (мусор, окурки, грязные дворы). И это все окружает нас вами. Государство должно следовать принципу нулевой терпимости к беспорядку. Развитое общество начинается с дисциплины и порядка во всем: комфортного подъезда, аккуратного двора, чистых улиц и приветливых лиц. Мы не должны мириться даже с самыми малыми правонарушениями, хулиганством, бескультурьем, поскольку это нарушает общественный покой, снижает качество жизни. Ощущение беспорядка и вседозволенности создает почву для более серьезных преступлений.

Вместе мы должны создать атмосферу нетерпимости к мелким правонарушениям – что, является важным шагом в укреплении общественной безопасности, борьбе с преступностью. Нам нужно преодолеть правовой нигилизм и включить общество, в дело охраны общественного порядка. Нам необходимо увязать деструктивное социальное поведение с возможностью получить работу.

Введены меры наказания за хулиганское поведение в общественных местах, которое в свою очередь должно обязательно отражаться в личных делах и резюме и учитываться при приеме на работу и продвижении по карьерной лестнице. Все это должно стать нормой общественной жизни.

В рамках формирования «нулевой» терпимости любое правонарушение не должно остаться без внимания общественности. К сожалению, зачастую, граждане не хотят обращаться в правоохранительные органы с заявлениями о совершенном преступлении.

Жумаш АКБЕРГЕНОВ,
судья Алакольского районного суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕМ ФУТБОЛЫ

ГЕРМАНИЯДА 2019/2020 МАУСЫМ ЧЕМПИОНЫ АНЫҚТАЛДЫ

Германия чемпионатының 32-турының матчында «Бавария» бремендік «Вердерді» 1:0 есебімен жеңді.

Мюнхендіктердің матчтағы жеңісті және маусымдағы алтын голын Роберт Левандовски соқты. Поляк сұрмергені бірінші тайм аяғында мергендігімен көзге түсті.

Бремендегі жеңістен кейін «Бавария» екінші орындағы «Боруссиядан» чемпионат аяқталуға екі тур ғана қалғанда 10 ұпай озып кетті.

Айта кетейік, «Бавария» 30-шы рет ел чемпионы атанды. Команда бұл титулды қатарынан сегізінші рет жеңіп алды.

Prosports.kz

Әйгілі Goal басылымы биылғы маусымда әлемнің ең үздік футболшысына тиесілі «Алтын доп» сыйлығының иегері атануға үмітті ойыншылардың тізімін жариялады.

«АЛТЫН ДОПТЫҢ» ИЕГЕРІ АТАНУҒА КІМДЕР ҮМІТТІ?

Олардың пайымдауынша, бұл тартыстың басты фавориті Роберт Левандовски. 31 жастағы Польша ұлттық құрамасы мен Мюнхеннің «Бавария» клубының шабуылшысы қазіргі кезде керемет ойын өрнегімен көзге түсіп, өзге бәсекелестерінен оқ бойы озық тұр. Биылғы маусымда ол Германия бундеслигасының 28 ойынына қатысып, 30 гол соқты. Тағы үш рет нәтижелі пас берді.

Роберт Левандовскиді «Барселонаның» капитаны, аргентиналық Лионель Месси мен «Ювентустың» сұрмергені, португалиялық Криштиану Роналду өкшелеп келеді.

Сондай-ақ, «Алтын доптан» үмітті «ТОП-10» футболшының қатарында Кевин Де Брюйне («Манчестер Сити»), Томас Мюллер («Бавария»), Неймар (ПСЖ), Эрлинг Холанд («Боруссия» Дортмунд), Килиан Мбаппе (ПСЖ), Джейдон Санчо («Боруссия» Дортмунд) және Серж Гнабри («Бавария») сынды жұлдыздар бар.

EGEMEN.KZ

ЕРКІН КҮРЕС

САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР ҚАТАҢ САҚТАЛАДЫ



Ақмола облысының Щучинск қаласында еркін күрестен Қазақстан ұлттық командасы жаттығу жиындарына кірісті.

Оқу-жаттығу жиынына жалпы есебі 25 балуан шақырту алған. Олардың қатарында әлем чемпионатының жүлдегерлері Дәулет Ниязбеков, Нұрлан Бекжан, Данияр Қайсанов, Нұрғожа Қайпанов және команданың белі мүшелері Ғалымжан Өсербаев, Әлішер Ерғали, Расул Қалиев және Юсуп Батырмурзаевтар бар.

Команда бас бапкері Әсет Серікбаевтың айтуынша, спортшылар жиын кезінде санитарлық талаптарды қатаң сақтайды.

Olympic.kz

ОЛИМПИАДА

Токио Олимпиадасы тағы да кейінге шегерілуі мүмкін

Tokyo 2020 Олимпиадасы директорлар кеңесінің мүшесі Харуюки Такахаси егер COVID-19 пандемиясына байланысты жағдай жақсармаса, Олимпиада ойындары тағы да кейінге шегерілетінін мәлімдеді.

Еске сала кетейік, биылғы жылдың наурыз айында Жапония үкіметі мен Халықаралық олимпиада комитеті келесі айда өтуі тиіс болған Олимпиада ойындарын 2021 жылға шегеру туралы бұрынсоңды болмаған шешім қабылдады.

Nikkan Sports жапон газетінің хабарлауынша, ХОК президенті Томас Бах келесі жылы жарыс өтпесе, Олимпиада ойындарын тоқтату керек екенін айтқан. Бірақ Такахаси бұл Жапония мен әлем экономикасына үлкен шығын келгенін хабарлады.

«Жапония мен әлем экономикасы одан қатты зардап шегеді», - деді Такахаси.

Ол Ойынды тоқтатпас бұрын тағы да кейінге шегеру мәселесін қарастыру қажет екенін айтты.

Жұма күні ұйымдастыру комитетінің атқарушы кеңесінің отырысында Токио 2020 президенті Ёсиро Мори ХОК-мен Олимпиада ойындарын өткізбеу туралы мәселе талқыланбағанын мәлімдеді.

Бейжіңде Қысқы Олимпиада ойындарын және футболдан 2020 жылы Әлем чемпионатын өткізуге байланысты Токио Ойындарының одан әрі кейінге қалуы бүкіләлемдік спорттық іс-шаралардың көптігінен одан да үлкен мәселелер тудырады.

prosports.kz

КОНЬКИ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІ АЛЫНЫП ТАСТАЛҒАН СОҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАР ЖАТТЫҒУ ЖИЫНДАРЫНА КІРІСУДЕ.

ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫНА КІРІСТІ

Жаттығу жиындары өтетін спорт нысаны санитарлық талапқа сай, спортшылар дәрігер бақылауында болады. Сондай-ақ, спортшылар жиынға арнайы шақыртумен қатыстырылады. Қазіргі таңда конькиден Қазақстан ұлттық құрамасы Нұр-Сұлтанда жаттығу-жиындарын өткізіп жатыр. 11 маусымда басталған жиын 29 маусымға дейін жалғасады деп жоспарланған.

Olympic.kz

КӘСІПҚОЙ БОКС

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОС МЫҚТЫСЫ ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ

Алматыда MTK Global компаниясының ұйымдастыруымен кәсіпқой бокс кеші өтетіні бұған дейін де хабарланған. Айтулы жарыстың басты жекпе-жегінде кімдер жұдырықтасатыны белгілі болды. Шаршы алаңда әлі ешкімнен жеңілмеген қазақтың қос мықтысы – Дәурен Елеусінов пен Арман Рысбек күш сынасады. Екеуінің де әуесқойлар арасында қол жеткізген табыстары елеулі.

33 жастағы Батыс Қазақстан облысының тумасы Дәурен Елеусінов әуесқойлар арасында біраз жыл бақ сынады. Ел чемпионы атанды, Азия біріншілігінде қола медальді иеленді, бірқатар халықаралық турнирлерде топ жарды. Ол Қазақстанның мақтанышы, Олимпиада және чемпионы Данияр Елеусіновтің туған ағасы. Кәсіпқой рингте 8 кездесу өткізген қандасымыз 7 рет жеңіске жетті. Барлығында айқын басымдық танытты. Тағы бір бәсекеде тең есеп тіркелді.

Алатау баурайында дүниеге келген 29 жастағы Арман Рысбек үш дүркін Қазақстан чемпионы, Азия біріншілігінің қола жүлдегері, бірқатар хзалықаралық жарыстардың жеңімпазы. Дүниежүзілік бокс сериясы додасында «Астана арландарымен» бірге сол жобаның жеңімпазы атанды. Кәсіпқойлар арасында 7 кездесудің барлығын жеңіспен аяқтаған қазақ боксшысы алты қарсыласын есінен тандырды.

EGEMEN.KZ

ТУРНИР

ОНЛАЙН ТУРНИР ӨТТІ

23 маусым мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті кеуделеу, гір көтеру, кермеде тартылу сынды 3 спорттық ойын түрінен арнайы турнир өткізді.

Короновирус індетінің өршіуіне байланысты онлайн өткен сайысты облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасымен бірлесе ұйымдастырған. Оған аймақтағы әрбір аудан қала әкімдіктерінің жетекшілерімен мамандары қатысты.

Бұл шараны өткізудегі басты мақсат – мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастырып, азаматтарды үнемі салауатты өмір салтын ұстануға шақыру. Сондай-ақ, оларды дене тәрбиесі мен айналысуға шабыттандырып, күнделікті өмірде спортты серік етуге үгіттеу, – дейді ұйымдастырушылар .

Көрермендер «ZOOM» байланысы арқылы тікелей эфирден тамашаланған жарыстың жеңімпаздары енді алдағы мереке кезінде арнайы диплом және медальдармен марапатталатын болады.

Л. КӘЛІМХАН.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ОН СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек - дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі.

Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейіншілерге «әттең, дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» - дейтұғын болмаққа ойланбақ.

Мұның бәрі - масқаралық, ақымақтық. Мұны адам бір ойламасын, егер де бір ойласа, қайта адам болмағы – қиын іс. Кербез дегенді осындай кер, кердең немеден безіндер деген сөзге ұқсатамын. Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсе менен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақтық.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Әр адам 20 минут көлемінде өзіне ұнамайтын іспен айналыса алады. Бұл жаңаға машықтану мен еріншектікпен күресудің жақсы жолы. Сондықтан, назарларыңызға 20 минут ережесін ұсынамыз:

Күніне 20 минут спортпен шұғылданатын адамдар өз денсаулығы жайында уайымдамаса болады;

* * *

Күніне 20 минутын үй тазалығына жұмсайтын адамдар, демалыс күндерін үй тазалауға сарп етпейді;

* * *

Өзінің жарына/жұбайына, отбасы мен балаларына 20 минутын бөлген адамдарды отбасындағы түсініспеушілік пен сезімдердің сууы сияқты мәселелер мазаламайды. Олардың отбасы берік, ал бақыттары баянды болады;

* * *

Өзімен сырласуға, өз ойларын қағаз бетіне түсіруге, басқа да жазбалар жасауға 20 минут бөлген адам идеялардың жетіспеушілігіне шалдықпайды;

* * *

Демалуға, тынығуға, медитацияға 20 минут табатын адам, шаршау мен жалығудың не екендігін білмейді;

* * *

Күніне 20 минутын кітап оқуға, жаңалықтармен танысуға, дамуға бөлетін адам «қалай мықты маман болсам екен?» деп ойланбайды.

* * *

Ал сіз, 20 минут ережесін өз күн тәртібіңізге енгізесіз бе?

ЕСТІМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП

СЫНҒАН СҮЙЕКТІ ЖАЗАТЫН ЦЕМЕНТ ОЙЛАП ТАПТЫ

Неміс ғалымдары кальций фосфаты негізінде сынған сүйекті бекітетін цемент пен өзін-өзі қалпына келтіруші қасиетке ие имплантат ойлап тапты. Зерттеу нәтижесін жариялаған – Scientific Reports журналы.

Адам ағзасы өзін-өзі қалпына келтіруге, жарақаты мен жарасын емдеуге қабілетті. Алайда кейде ауыр, қиын жағдайларда шамасы жетпей қалады, сол кезде ота жасауға, хирургияға жүгінуге тура келеді. Ота жасаған кезде дәрігерлер арнайы материалдар қолданып, сүйектің сынған, бүлінген жерлерін жартылай не толықтай қалпына келтіреді. Мұндай материалдарды имплантат (жасанды сүйек) дейді әдетте. Фридрих Шиллер атындағы Йен университетінің ғалымдары Вюрцбург университетіндегі әріптестерімен бірігіп кальций фосфатынан жасанды сүйек және сүйектің бүлінген жерлерін жамайтын көміртек талшығынан жасалған цемент ойлап шығарды.

Талшық сынған, сызат түскен сүйек пен жасанды сүйектің тезірек қалпына келуіне септігін тигізеді. Кальций фосфатынан дайындалған имплантат пен оны жабыстыратын цементтің басқа имплантардан айырмашылығы да сонда – ауық-ауық жөндеп, ауыстырып отырудың қажеті жоқ. Кальций-фосфатты цементтің медицинада қолданылып келе жатқанына көп болды. Сүйектің қалпына келуін тездетіп, қан тамырларының жылдам өсуіне көмектеседі. Оның үстіне, оны адам ағзасында желім зат ретінде енгізіп, сүйектің сынған жерлерін бекітуге қолдануға болады.

– Алайда кальций-фосфаттың бір кемшілігі бар: сүйекке не имплантантқа күш түскен кезде, сынып кетеді. Ал сызат түссе, тез шытынайды. Сондықтан оны жай сүйектерге қолданады да, ағзаның негізгі, тірек сүйектеріне көп қолданбайды. Мәселен, бас пен жақ сүйектеріне қолдана алмайтын едік, – дейді Йен университетінің профессоры, зерттеу тобының жетекшісі Фрэнк Мюллер (Frank A. Müller). Ғалымдар осы олқылықты жою үшін зерттеу жүргізген. Кальций-фосфатынан жасалған цементті жетілдіріп, көміртек талшығын қосып, мықты цемент жасап шығарды. – Біріншіден, көміртек талшығы цементтің беріктігін арттырып, ұзақ уақыт шыдауына ықпал етеді. Екіншіден, көміртек талшығын химиялық жолмен өзгертіп, сынған сүйектің жанжағында жиналып қалған сұйықтықты ыдыратуға болады, содан минерализация үрдісі басталады. Ал бұл сүйектің сынған, сызат түскен жерлерінің тез жабылуына себепші болмақ, – дейді ғалымдар.

Эксперимент нәтижесі жаңа материалдың ауыр салмақ пен күшті көтере алатынын әрі тез қалпына келу қасиетіне ие екенін дәлелдеген. Зерттеу авторлары аталмыш цементтің жасанды сүйек өндірісінде кең қолданысқа ие болады деген сенімде.

Материал интернет желісінен алынды

СӨЗ ЖОҚ



Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі

Жалғызағаш ауылы, Бақтыбай көшесі

Суретті түсірген: Л. АЙДЫНҚЫЗЫ.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары
Алина ГАТУНОК — тілші
Лина АЙДЫНҚЫЗЫ — тілші
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА — тілші

Кезекші редактор: Г. ЕРДАУЛЕТОВА

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 5025
Тапсырыс № 564
Индекс 15534